



ТАРИФКЕ ТҮЗЕТУЛЕР
ЕНГІЗІЛДІ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



КРЕДИТ САЯСАТЫНА
ӨЗГЕРІС КЕРЕК

6-БЕТ | САРАПТАМА



ДІНІМІЗ ДӘСТҮРДЕН
ҚОЛ ҮЗБЕСІН

8-БЕТ | ИМАНАРАЗЫ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Биліктің басты институттары қысқа мерзім ішінде мүлде басқаша сипатқа ие болды. Шешім қабылдау үдерісіне азаматтардың қатысу мүмкіндігі едәуір кеңейді. Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесі нығайды. Осының бәрі еліміздің саяси құрылымын орнықты және тиімді етіп қайта құруға септігін тигізді. Барынша әділ, ашық әрі бәсекеге лайық жүйе қалыптасты. Кейбір адамдар реформалардың табысты боларына күмәнмен қараған еді. Бірақ біздің бағдарымыз өзгерген жоқ. Ауқымды саяси жаңғыру жоспарын рет-ретімен жүзеге асырдық. Бәріміз бір ел болып орасан зор жұмыс атқардық.

№85
(4518)

Бейсенбі
20 шілде
2023 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

AQSHAMY

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ТЕСТІЛЕУ
10 ТАМЫЗДА
БАСТАЛАДЫ

20 шілдеде тамыз айында өтетін ҰБТ-ға қатысу үшін өтініш қабылдау басталады. Өтінімдер қабылдау 30 шілдеге дейін жалғасады.

ҰБТ-ға тіркелу Ұлттық тестілеу орталығының сайтында app.testcenter.kz жүргізіледі. Тестілеудің өзі 10 тамызда басталады.

Тамыздағы ҰБТ шекті балл жинай алмаған талапкерлердің тестілеуден қайта өтіп, ЖОО-ға ақылы негізде түсу мүмкіндігі болуы үшін өткізіледі. Тіркелу кезінде тестіленушілер емтихан өткізілетін орынды, күнді және уақытты өздері таңдайды.

Барлық бес ҰБТ қорытындысы бойынша шекті балл жинай алмаған талапкерлерге ЖОО-ға шартты түрде ақылы негізде оқуға түсу мүмкіндігі беріледі.

ТҰРМЫС ЖЕҢІЛДЕЙДІ,
ЭКОЛОГИЯ ЖАҚСАРАДЫ

Астанада әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлерді газдандыру жұмысы кезең-кезеңмен атқарылып келеді. Газдандыру құрылысының бірінші және екінші кезегі бойынша жұмыстар аяқталса, бүгінгі таңда үшінші кезектегі іс-шаралар атқарылып жатыр. Елорданы газдандыру жоспары бойынша биыл және 2024 жылы 300 мыңға жуық астаналық абонент газбен қамтылатын болады.



«ASTANA
AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ
ЖҮРІП ЖАТЫР

Ішкі істер министрлігі Қазақстанға ЕАЭО-дан әкелінген көліктерді уақытша тіркеуге кірісті.

ШЕТЕЛДІК КӨЛІКТЕР
УАҚЫТША ТІРКЕЛЕДІ

ІІМ 17 шілдеден бастап бұрынғы тіркелген жері бойынша есептен шығарылмаған немесе шектеулерге байланысты заңдастырылмаған, 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен Қазақстанға әкелінген автокөліктерді бес жылға уақытша тіркеуді бастады. Азаматтарға автокөліктермен туындаған заң-

ды мәселелерді шешу және оларды құқықтық салаға енгізу үшін уақыт беріліп отыр. Уақытша тіркеу үшін көлік құралдарының иелері «уақытша тіркеу» тізіміне автокөліктің VIN-кодын енгізу үшін өтінішпен және растайтын құжаттарымен әкімшілік полиция басқармасының процессінгітік орталығына жүгінуі қажет.

АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Бұл орталықта барлық министр мен вице-министр жеке қабылдауларды тұрақты түрде жүргізетін болады. Азаматтарды қабылдау орталығы Министрліктер үйі ғимаратының 16-кіреберісінде орналасқан.

«Бұл – еліміздегі осындай алғашқы жоба. Орталық Министрліктер үйі ғимаратының 16-кіреберісінде орналасты. Мұнда азаматтар мен мемлекеттік органдар өзара тиімді іс-қимыл жасау үшін әмбебап алаң форматы жасалды. Азаматтарды қабылдау орталығында әрбір азамат өзін

толғандыратын мәселелер туралы кеңес алу үшін жайлы және кәсіби орта құруға тырыстық. Орталық базасында келушілер ыңғайлы жағдайда кез келген мемлекеттік органға өтініш бере алады. Сондай-ақ әртүрлі ведомство өкілдерінің, медиаторлар мен заң мамандарының кеңес-

терін алуға мүмкіндік бар. Мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының жеке қабылдауына жазыла алады» деп жазды Президент көмекшісі – Президент Әкімшілігінің өтініштерді қарауды бақылау бөлімінің меңгерушісі Қанатбек Жайсаңбаев.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 501.17 \$ USD/KZT 446.48 ₸ RUB/KZT 4.95 ¥ CNY/KZT 61.21

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАР МЕШІТІНЕ ЗИЯРАТ ЕТТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сауд Арабиясы Корольдігіне жұмыс сапары Исламда екінші қасиетті орын саналатын Медина қаласындағы Мұхаммед пайғамбар мешітіне барудан басталды.

Мемлекет басшысы Мұхаммед пайғамбардың қабіріне зиярат етіп, дұға жасады. Қазақстан Президентінің келуіне орай оған ерекше

құрмет ретінде Пайғамбар жерленген киелі орынның есігі ашылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Жидда қаласында өтетін «Орталық Азия

+ Шығанақтағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі» атты мемлекеттер басшыларының бірінші саммитіне қатысады.

ДӘРІГЕРЛЕР ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЖЕТКІЗДІ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Бибігүл Жексенбай Астанадағы №8 қалалық емхананың ұжымымен кездесіп, ақ халатты абзал жандардың түйткілді мәселелеріне құлақ түріп, олардың қойған сұрақтарына жауап берді.

Бүгінгі таңда елорданың мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында 14518 медицина қызметкері жұмыс істейді, соның ішінде 3414 дәрігер, 6364 орта медицина қызметкері бар. Ал мемлекеттік тапсырысы бар жекеменшік медициналық ұйымдарда 1878 қызметкер еңбек етеді. Олардың 40%-ының баспанасы жоқ, барлығы дерлік жалдамалы пәтерлерде тұрады. Дәрігерлер халықты қолжетімді баспанамен қамтамасыз ететін бағдарламалар негізінен әскери қызметшілер мен әлеуметтік көмек алушыларға бағытталған, ал медицина қызметкерлері үшін бірде-бір мемлекеттік бағдарлама не жеңілдетілген несие жоқтығына қынжылыс білдірді. Көптеген медициналық кәсіпорын «мемлекеттік мекеме» категориясына жатпағандықтан, оның қызметкерлері қолжетімді бағдарламаларға ілікпей қалады. Осы тұрғыда емхана ұжымы қызметкердің жасына және жұмыс істейтін кәсіпорнының меншік нысанына қарамастан, медицина қызметкерлеріне арналған жеке тұрғын үй бағдарламасын қарастыруды ұсынды.

Кездесуде көтерілген тағы бір мәселе – медицина қызметкерлерінің еңбек демалысы күндерінің санын арттыру. Жалпы, елімізде медицина қызметкерлерінің жыл сайынғы еңбек демалысы 36-дан

42-ге дейінгі күнтізбелік күнді құрайды. Осы тұрғыда ақ халаттылар ақы төленетін еңбек демалысы күндерін ұлғайтуды қарастыру керектігін өтінді.

Бұдан бөлек, кездесуде ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккендер мәртебесі бар, полигон аймағында ұзақ жылдар тұрып, денсаулығы мен ағзасына ядролық жарылыстар зардабын сезінген азаматтар кейін еліміздің басқа қалаларына көшкенде оларды, әсіресе медицина қызметкерлерін қосымша еңбекақы және жыл сайынғы қосымша ақылы демалыс түріндегі әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз ету мәселесін қозғады.

Сенатор экологиялық зардап шеккен азаматтарға қатысты мәселені назарға алып, заңдық тұрғыда қамтамасыз ету бағытында жұмыстар істеу мүмкіндігін қарастыратынын айтты. Емхана басшылығы мен қалалық «Аманат» партиясы жанындағы арнайы кеңес мүшелері Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры тарапынан медициналық ұйымдарды қаржыландыру мәселесін көтерді. Олардың айтуынша, жыл сайын Астананың көптеген емханасында ӘМСҚ тарапынан қажет етілген сомманың 60%-ы, кейде тіпті 80%-ға дейін азайып берілуі үрдіске айналып отыр. Сөйкесінше, медициналық мекемелерде тиісті қаржыландырудың болмауынан кредиторлық берешек

өскен. Дәрі-дәрмек бағасының өсуі мәселені ушықтырып барады. Онымен қоса кәсіпорындардың жұмысын лайықты қамтамасыз ету, жаңа технологиялар енгізуде қиындықтар туындайды, қызметкерлерді ынталандыру мүмкіндігі жоқ. Біз салауатты қоғам қалыптастырамыз десек, медициналық ұйымдардың сапасы мен медицина қызметкерлерінің мәртебесін, әлеуметтік жағдайын бірінші орынға қоюымыз керек.

Кездесу соңында Бибігүл Жексенбай емханадағы емделушілермен тілдесіп, қызмет көрсету сапасы, ем-шара, дәрі-дәрмек жеткіліктілігі мәселелері жөнінде сөз қозғап, тұрғындарды да алаңдататын жайттарды тыңдады. Халық қалаулысы: «Өздеріңіз білетіндей, Сенат биыл бірнеше ай талқылаудан кейін Әлеуметтік Кодексті қабылдады. Бұл – еліміздің әлеуметтік саясатын жақсартудағы үлкен қадам. Жаңа әлеуметтік саясат – Мемлекет басшысы жариялаған ауқымды өзгерістердің бірі. Ондағы жаңалықтардың қатарында әр отбасында цифрлық жаңа картаның болатыны, жұмыспен қамту саласына жаңа тәсілдерді енгізу, арнаулы әлеуметтік қызметтер жүйесін жетілдіру бар» деп аталған заңның жекелеген бөліктері бойынша медицина қызметкерлеріне ақпарат берді.

САЛҒЫРТ ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР ІСІ СОТТА ҚАРАЛАДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек тұрғын үй салуда салғырттық танытқан құрылыс компанияларының ісі сотқа жіберілетінін мәлімдеді.

«Бірқатар тұрғын үй кешендерінің тұрғындарымен кездестім. Олардың үйлері жекеменшік құрылыс компанияларының салғырттығы салдарынан кешіктіріліп жатыр. Мәселен, олар – «Қазанат-2», «София», «Оазис», «Arai apartaments» тұрғын үй кешендері. Кесте бойынша көрсетілген уақыттан кешіктірілгенінен бөлек құжат, қаржыландыру және тағы басқа бойынша проблемалар бар. Анықталған заң

бұзушылықтар бойынша құрылыс компаниялары әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Кездесуге Парламент Мәжілісінің депутаты Дәулет Мұқаев қатысты. Құрылыс салушыларды адамдардың тағдырына бейжай қарамауға шақырамын! Егер заңды талаптар орындалмаса әрі заң бұзушылықтар уақытында жойылмаса, іс сотқа жіберіледі. Материалдар қылмыстық тұрғыда қаралады. Ал нысандар өзге

инвесторларға тапсырылады» деп жазды Жеңіс Қасымбек әлеуметтік желідегі парақшасында.

Қала басшысы осыған ұқсас проблемалар «Сапсан», «Diana», «R-club», «R-club Deluxe», «Әскер 1 және 2», «Ақтау сити» тұрғын үй кешендерінде де орын алғанын атап айтты. Ол құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып, құрылысы ұзаққа созылған үйлерді назарда ұстайтынын мәлім етті.



«МЫҢЖЫЛДЫҚ» АЛЛЕЯСЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛЕДІ

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр мен Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек жауапты мемлекеттік органдармен және құрылыс салушылармен бірлесіп «Мыңжылдық» аллеясын дамыту тұжырымдамасын талқылады.

«Мыңжылдық» саябағын қалпына келтіру бойынша ауқымды жұмыс жүргіземіз. Саябақ мүмкіндігінше көгалдандырылып, абаттандырылады. Ең алдымен қажетті инженерлік инфрақұрылым саламыз: сумен, жылумен, электрмен жабдықтау, көріз желісі, нөсер және тағы басқалар. Саябақтың бойында әлеуметтік (мектептер, медициналық орталықтар, балабақшалар), мәдени және спорттық нысандардың құрылысын да қарастырамыз. Мұнда да рекреациялық аймақтар ашылады. Өзгерістер тұрғын үй кешендерінің құрылысына да әсер етеді. Арнайы бұрмалары жоқ тұрғын үй кешендерінің құрылысы инженерлік желілердің құрылысы аяқталғанға дейін басталмайды. Құрылыс компанияларына қойылатын талаптар күшейтіледі: сапалы құрылыс салумен ғана шектеліп қоймай, өз аумағын, аулаларын абаттандыруға, көгалдандыруға назар аудару қажет. Саябақтың қалпына келуі Мемлекет басшысының тікелей бақылауында» деп жазды Жеңіс Қасымбек



әлеуметтік желідегі парақшасында.

Қала басшысы аталған қуатын бөлетін желіні жаңарту және салу («Жұлдыз» қосалқы стансасының трансформаторларын ауыстыру және «Восточная» қосалқы стансасының 110 кВ кабельдік желісін жаңарту) және басқа да жұмыстар жүріп жатыр. Бұған дейін «Мыңжылдық» аллеясы ауданында нөсер көрізінің магистральдық коллекторы, сумен жабдықтау, су бұру және нөсер көрізінің құрылысының, нөсер көрізінің коллекторларының құрылысы жүргізіліп жатқанын айтты. «Жылу-энергетикалық жүйені дамыту бағдарламасы

аясында үлестіру пункті мен трансформаторлық қосалқы стансасын салу, 110 кВ электр қуатын бөлетін желіні жаңарту және салу («Жұлдыз» қосалқы стансасының трансформаторларын ауыстыру және «Восточная» қосалқы стансасының 110 кВ кабельдік желісін жаңарту) және басқа да жұмыстар жүріп жатыр. Бұған дейін «Мыңжылдық» аллеясы ауданында нөсер көрізінің магистральдық коллекторы, сумен жабдықтау, су бұру және нөсер көрізінің құрылысының, нөсер көрізінің коллекторларының құрылысы жүргізіліп жатқанын айтты. «Жылу-энергетикалық жүйені дамыту бағдарламасы

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Мысырдың Кена провинциясында 250-ге жуық адам «тылсым» індет жұқтырған. Бұл туралы елдің Денсаулық сақтау министрлігі мәлімдеме жасады.

Науқастардың симптомдары тәжірибелі дәрігерлердің өзін таң қалдырған. Тұрғындар аяқ астынан денелері қалтырап, талып қалатын болған. Оны басында суық тию мен түймау, гастроэнтерит пен қалтырау секілді көптеген ауруға тән ортақ белгі болғандықтан сүзек деп ойлаған.



Иранда хиджаб киген әйелдерді көшеде тәртіп сақшылары қадағалай бастады.

Елдегі жаңа ереже бойынша әйелдер мен жасөспірім қыздар қоғамдық орындарда ислам қағидаттарын мүлтіксіз сақтап, үнемі әдептілік танытып жүруі міндеттеледі.

Полиция орын алған кемшіліктерді сол бойда бейнекамераға түсіріп, үкім шығаратын «мобильді сотқа» тапсыратын көрінеді.



Әлемде ауа райының қалыптан тыс ыстық болуынан бірнеше ел зардап шегуде.

Еуропаның оңтүстігі, АҚШ пен Қытайда температура 50 градустан аса көтерілді. Синоптиктер аптаның ортасына дейін ауа температурасы бұдан да жоғары болуы мүмкін екенін айтады.

Жұмаға дейін ыстық Сардинияның оңтүстігінде 48°С-қа, Италияның оңтүстігінде 46°С-ға дейін жетуі ықтимал.

РУХАНИ КІТАП ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Астана қаласында ресми тіркелген діни бірлестіктердің шығу тарихы, олардың қызметі, мешіттер мен ғибадат ғимараттары жайында жазылған «Елорданың діни нысандары» атты энциклопедиясының таныстырылымы өтті.

Айгүл УАЙС

Бейбітшілік және келісім сарайындағы жиынға Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Бәйкен, қалалық діни бірлестіктердің басшылары, ғылыми-сараптамалық қоғамдастық өкілдері мен мемлекеттік органдардың қызметшілері қатысты.

Жаңа кітаптың тұсау-кесерінде Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов қатысып, туындының елорда тұрғындары мен қонақтарына дін туралы таптырмас нұсқаулық болатынын атап өтті.

«Дін – халқымыздың әлеуметтік және рухани өмірінің бір бөлігі. Қазақ халқында салт-дәстүр мен

әдет-ғұрып дінмен ұштастырылған. Салиқалы өмір сүру, дұрыс ұрпақ тәрбиелеу, келер ұрпаққа дұрыс тәрбие беру, құрметтеу, ізет көрсету қасиеттерін қалыптастыру дін мен дәстүріміздің ерекшелігі деп айтуға болады. Бұл еңбек елордалықтарға, қала қонақтарына және дін саласының зерттеушілеріне нұсқаулық болады деп ойлаймын» деді мәслихат төрағасы.

Жиынға қатысқан қала әкімінің орынбасары Есет Бәйкен діни бірлестіктердің тарихы мен культтік тәжірибесі туралы жазылған туындыны Астананың ширек ғасырдағы жетістігі дей келе, бұл шараның Астананың 25 жылдығымен тұспа-тұс келіп отырғанын айтты.

– Үш жылда бір өткізілетін



Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі елордамызды әлемдік және рухани диалог орталығына айналдырды. Елордадағы 14 діни конфессия мен 57 діни бірлестіктің еңбегінің арқасында 25 жылда елордадағы дін саласы өзіндік дара жолын қалыптастырды.

Осы жетістіктерді жарыққа шыққан кітаптарда көрсетуге тырыстық, – деді қала әкімінің орынбасары. Жаңа басылым Астана қаласындағы діни бірлестіктердің тарихы мен культтік тәжірибесі туралы баяндалған ең алғашқы бірегей еңбек болып табылады.

ЖАС ҚҰТҚАРУШЫЛАР ОРТАЛЫҚТА ЖАТТЫҒАДЫ

Қалалық мәслихат депутаттары ағымдағы жылы ашылатын «Жас құтқарушы» балалар білім беру орталығына барды.

Астана қаласы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының басшысы Еркін Отарғалымұлының айтуынша, орталықты ашудағы басты мақсат – өскелең ұрпақты жеке және ұжымдық қауіпсіздік негіздеріне оқыту. Оқу бағдарламасы мектеп оқушыларына бағытталатын болады.

– Орталыққа қабылдау барысында 5-7 сынып оқушыларына басымдық беріледі, өйткені бұл жастағы балалар ақпаратты саналы түрде қабылдайды. Топтық сабақтар 1,5-2 сағатқа есептелген. Осы уақыт ішінде балаларға төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жүйесі, сондай-ақ олардың қайсысы Астанаға тән екендігі туралы айтылады. Оларға үйде және мектепте күнделікті не нәрсеге назар аудару керектігін және төтенше жағдай кезінде қалай әрекет ету керектігін көрсетеді, – деді Еркін Отарғалымұлы.

Орталықта ТЖД қызметкерлері нақты өмірде қолда-



натын құтқару жабдықтары мен құралдарының үлгілері қойылған. Сонымен қатар, ақпараттық залдарда өрт шыққан жерлерден заттар жинақталған. Орталықтың жоспарында балаларды эвакуациялау бойынша практикалық жаттығулар өткізу үшін бөлмені өрт автома-

тикасының оқу жүйесімен жабдықтау көзделген.

Еркін Отарғалымұлының айтуынша, жаңа білім беру орталығы толық жиынтық үшін заманауи технологияларды қажет етеді.

– Орталық тек оқушылар үшін ғана емес, қаланың басқа тұрғындары мен

қонақтары үшін де ашық. Мұндағы мамандар барлық тілек білдірушіге экскурсия жүргізеді. «Жас құтқарушы» балалар орталығы қоғамдағы қауіпсіздік мәдениетін дамыту мәселелерінде тартымды орталыққа айналатынына сеніміміз мол, – деді Еркін Отарғалымұлы.

ҚОҚЫС ТӨГІП, АЙЫППҰЛ ТӨЛЕДІ

Елорданың Сарыарқа ауданында жыл басынан бері 17 қоқыс орны жойылып, құрылыс қоқыстарын белгіленген жерге апарып төгу мәселесі қатаң жолға қойылды. Қазір тұрмыстық қалдықтарды тек Алаш тасжолының бойында орналасқан экополигонға шығаруға рұқсат етілген.

Биыл ауданда абаттандыру ережелерін бұзғаны үшін 655 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып,

оларға 5,5 млн теңгеден астам айыппұл салынды.

Экологтар рұқсатсыз төгілетін қоқыс полигон-

дарының тұрғындарға келтіретін зияны мен зардаптары туралы бірнеше рет дабыл қағып, түсіндіру

жұмыстарын да жүргізді. Соның арқасында кейінгі кезде бұл тұрғыда жағдай едәуір оңалып келеді.

АҚШ-та ең қымбат iPhone телефоны 200 мың долларға сатылды.

Мұндай құрылғылар көп шығарылмаған, сондықтан iPhone коллекционерлері үшін бұл шынымен де таптырмас сирек дүние екенін мойындап отыр.

LCG Auctions фирмасы өткізген аукционда осы iPhone телефонын сатып алуға 28 өтінім берілген және ол бастапқы құнынан 400 есе жоғары бағаға сатылған.



Қырғызстанда мемлекеттік қызметкерлерге қырғыз тілін білу заң бойынша міндеттелді.

Кеше Республика президенті Садыр Жапаров бұл жөнінде тиісті жарлыққа қол қойды.

Енді бұдан былай Мемлекеттік тіл туралы жаңа заңды Қырғыз Республикасының азаматтарына, Қырғыз Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға – барлығына бірдей орындау міндеттеледі.

ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ

Парламент Сенатының депутаты Андрей Лукин елорда тұрғындары және әкімдік өкілдерімен кездесті.

СЕНАТОР ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Депутат бюджеттік бағдарламаларды іске асырудағы 2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша есептерді, сондай-ақ 2023-2025 жылдарға жоспарланған шығыстар туралы ақпаратты да тыңдады.

Депутатпен және әкімдік өкілдерімен пікірлесуге қала, аудан тұрғындары қатысты. Азаматтарды қызықтырған мәселелердің қатарында тұрғын үй саясаты, атап айтқанда, көппәтерлі тұрғын үйлер құрылысының тығыздығы және тұрғын үй кешендеріндегі су қысымның азаюы мен судың мүлдем болмауы туралы болды.

Сенатор өз кезегінде парламентшілер айтылған барлық мәселені

назарда ұстайтынын айта келіп, Сенаттың өткен сессиядағы жұмысының қорытындысы туралы хабардар етті.

«Парламент VIII шақырылымның I сессиясы барысында жалпы алғанда 25 заңнамалық акті қабылданды. Оның ішінде еліміз бен халық үшін аса маңызды «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заң қабылданды. Ол Қазақстан аумағында да, одан тыс жерлерде де заңсыз сатып алынған активтерді қайтаруға, сондай-ақ еліміздің заңнамасындағы мүлкті заңсыз сатып алу мен қаржыны шығаруға қыпал еткен жағдайларды жоюға мүмкіндік береді» деп атап өтті сенатор.

ҚОҒАМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ҚОЗҒАЛДЫ

Азаматтық қоғам құру жолында халық пен биліктің арасында алтын көпір болып, халық үнін мемлекеттік органдарға жеткізіп, азаматтық қоғам мүдделерін білдіру мақсатында елімізде Қоғамдық кеңестер құрылғанын көпшілік жақсы біледі.

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің 2023 жылға арналған жоспарына сәйкес, Кеңес жанынан құрылған 5 комиссия мүшелерінің қала тұрғындарын жеке қабылдауы қарастырылған болатын. Қоғамдық кеңестің мүшесі ретінде, бекітілген кестеге сәйкес жеке қабылдау өткіздім.

Келушілердің көптеген сұрақтары Астана қаласы бойынша іске асырылып жатқан әлеуметтік бағдарламалардың жай-күйіне байланысты болды.

«Астана қаласы мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әбдікөрім Болатбек азаматтық қоғам орнықтыруда белсенділік танытып отырған ұйымға кеңсе берсе, кездесулер өткізуге, қоғам проблемаларын шешуге атсалысар едік дейді. Сондай-ақ мәдени іс-шараларға (концерт, көрме, қойылым) тегін билеттер таратылатындар тізіміне қоғам мүшелерін қосса, әлеуметтік гранттарға қолжетімдік, атап айтсақ өтінім беру, қағидасын түсіндіру жағын қарастырса деген сияқты бірнеше ұсыныстарын алға тартты.

Зейнеткер, «Батыр ана» Гүлбараш Оразбаева сауықтыру-емдеу орындарына жолдама (Қотыркөл және басқа да) алу қиындығын сөз етіп, жолдаманы алу тәртібінен зейнеткерлерді мемлекеттік органдар ақпараттандырса деген тілегін жеткізді.

Білім саласының сарапшысы Қалмұрат Еркінұлы Білім басқармасының мектеп директорларын ротациялауда назар аударатын мәселелерді көтерді. Мектеп директорларының орнын ауыстырғанда білім сапасы көтеріліп кетпейтінін, тәжірибелі директорларды өзі еңбек етіп жатқан білім ұйымын қалдырса, бұдан ұтпасақ, ұтыл-масымыз анық екенін жеткізіп, директорларды тағайындайтын комиссияда Қоғамдық кеңес мүшелерінің жоқ екендігіне қынжылыс білдірді.

Жеке құрылыс компаниясының менеджері Нұрсолтан Ғарышкер қала құрылысына бақылауды күшейтуді айта келіпті. Оның айтуынша, шетел азаматтары Астанадан жергілікті құрылыс мекемесін ашып алып, ойына келгенін жасап жатқан көрінеді.

Жеке қабылдауға келген азаматтардың тек өзінің жеке басын күйіттеп қана емес, көпшілігі қоғамдық мәселелерді қозғағанын көріп, азаматтық қоғам орнатуға белсенді қатысуға мүдделі екенін байқадық. Ал, зейнеткер Гүлбараш Оразбаева апайды басқарма қызметкерлеріне қабылдатып, күзде емдеу-сауықтыру мекемесіне жолдама беретін уәдесін алдық.

Кәрімбек ҚҰРМАНАЛИЕВ,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі

ПОЛИЦЕЙЛЕР КӨКПАР ТАРТТЫ

Астаналық полицейлер танымал спортшылармен бірге ұлттық ойын – көкпарға қатысты.

Ұлттық ойын қатысушылардың күші мен шеберлігін көрсетуге ғана емес, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылды.

«Полиция қызметінің негізгі бағыттарының бірі – есірткіге қарсы күрес. Ал спорт – бұл злымдықпен күресудің қуатты құралы. Спортшылардан ғана емес, жалпы

жұртшылық тарапынан да қолдау болып жатқаны қуантады. Біз қалада салауатты өмір сүруге және қауіпсіз орта қалыптастыруға атсалысамыз» деді Астана қаласы Полиция департаменті бастығының орынбасары Қуаныш Орынбетов.

Кәсіби көкпаршылар мен полиция қызметкерлері арасында өткен тартыста достық жеңді деп шешілді.

11 МЕКТЕП САЛЫНЫП ЖАТЫР

Елордада ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған түзету мектептері жетіспейді. Алдағы уақытта Астанада осындай арнайы нысандар ашыла ма? Бұл мәселе қалалық мәслихаттың отырысында қаралды.

Жиын барысында елордалық білім берудің мәселелері мен жетістіктері талқыланып, техникалық білім беруді дамыту, мектептерді, оның ішінде кітапхана қорын жабдықтау туралы айтылды.

– Қаладағы түзету мектебінің бірі тозған, екіншісіне жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Одан бөлек, аталған мектептерге ұзын-сонар кезек. Бір ауданнан екінші ауданға балаларды жеткізу – проблема. Бұған дейін сол жағалауда жаңа түзету мектебін салу қажеттігі туралы айтқан болатынбыз, – деді мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов.

Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазиевтің айтуынша, мұндай мектептің әлі жобасы жасақталмаған. «Түзету мектебі бойынша жерге өтініш берілгенімен, толық жауап жоқ, жер табылмай жатыр. Осы жылы жобалап, келесі жылы құрылысына кірісу керек» деді басқарма басшысы.

Одан әрі халық қалаулылары бас қаладағы мектеп тапшылығы мәселесін талқылады. Қалалық білім басқармасының басшысы елорда мектептеріндегі орын жетіспеушілігі және үш ауысыммен оқу мәселесі қашан оң шешімін табатынын айтты.

ҚАЛАДА 164 МЕКТЕП БАР, ОНДА 236 МЫҢ ОҚУШЫ БІЛІМ АЛЫП ЖАТЫР. ДЕГЕНМЕН, ЖЫЛ САНАП ОҚУШЫЛАРДЫҢ САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ. БҮГІНДЕ 27 МЫҢНАН АСТАМ ӨТІНІШ ҚАБЫЛДАНДЫ. ҚАЛАДАҒЫ 18 МЕКТЕПТЕ БАЛА ТОЛЫП КЕТКЕН ЖӘНЕ 8 МЕКТЕП ҮШ АУЫСЫМДА ОҚЫТАДЫ. ОСЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ ЖОЛЫНДА 15 700 ОҚУШЫҒА АРНАЛҒАН 11 МЕКТЕП САЛЫНЫП ЖАТЫР

– Елордада білім беру саласындағы проблемалардың бірі – оқушы орындарының жетіспеуі. Қалада 164 мектеп бар, онда 236 мың оқушы білім алып жатыр. Дегенмен, жыл санап оқушылардың саны артып келеді. Бүгінде 27 мыңнан астам өтініш қабылданды, демек оқушылардың саны 250 мыңнан асып түседі деген сөз. Демек, өткен жылмен салыстырғанда 20 мыңға артық. Қаладағы 18 мектепте бала толып кеткен және 8 мектеп үш ауысымда оқытады. Осы мәселелерді шешу жолында 15 700 оқушыға арналған 11 мектеп салынып жатыр. Оның төртеуі осы оқу жылында пайдалануға беріледі,

– деді Қасымхан Сенғазиев.

Сондай-ақ, басқарма басшысы «Жайлы мектеп» жобасы аясында елордада 24 мектеп салынатынын жеткізді. Айтуынша, бүгінде 15 мектептің құрылысы басталды. Қалғаны бойынша конкурстық жұмыстар жүргізіліп жатыр. Аталған жұмыс толығымен 2024-2025 жылдары аяқталады. Сол кезде орын жетіспеушілік және үш ауысымда оқу мәселелері шешіледі.

– Оқушылардың тамақтануы бойынша бірқатар сұрақ көтерілген болатын. Жаңа оқу жылынан бастап мектептердегі тамақ әзірлеудің ингредиенттері, қосымша құн салығы және басқа



да есептер негізінде бірыңғай ас мәзірі жаңартылды. Оның ішінде тағамдарды пісіру технологиялары мен буфет өнімдеріне қойылатын талаптар да бар. Жаңа мәзір тамақтану институты және медицина университетімен бірлесіп әзірленді, – деді басқарма басшысы.

Алдағы уақытта Астанада 15 қосымша білім беру нысаны салынатыны туралы айта келе, Қасымхан Сенғазиев жаңа оқушылар сарайының ашылғанын мәлім етті. Сонымен қатар, шалғай аудандарда олардың филиалы ашылды. Одан бөлек, биыл бір ауысымда 700 баланы қабылдайтын Оқушылар сарайы ашылды. Алдағы уақытта Президенттің тапсырмасы бойынша 15 қосымша білім

беру нысанын салу жоспарланып отыр. Осыған орай, қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасына, аудан әкімдіктеріне мектептерге іргелес аумақты абаттандыру, кірме жолдарды құру және жөндеу, белгілерді, жасанды бұзушылықтарды орнату, жарықтандыру мәселелерін жедел түрде пысықтауды тапсырды.

Жиын барысында қалалық мәслихат депутаттары Астана қаласының жерлеу рәсімдерін цифрландыру және жерлеу орындарын күтіп ұстау мәселесін талқылады. Бұл ретте Есіл ауданы әкімінің орынбасары

Дәрменияр Қыдырбекұлы Ұлттық пантеонның жағдайына тоқталды.

– Ұлттық пантеон Астанадан 17 шақырым жерде, Қабанбай батыр кесенесінің айналысында орналасқан. Пантеонның жалпы ауданы – 4 гектар. 25 жерлеу орны бар. Оның ішінде қазір 21 орында жерлеу жұмысы жүргізілген, яғни 25 орынның төртеуі ғана бос қалып тұр. Ұлттық пантеон мемлекет, мәдениет, ғылым қайраткерлерін және Қазақстанның дамуына үлес қосқан азаматтарды еске алу үшін құрылған мемориалдық маңызы бар объект болып есептеледі, – деді әкім орынбасары.

Дайындаған **Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

ТАРИФКЕ ТҮЗЕТУЛЕР ЕНГІЗІЛДІ

Елордадағы кейбір коммуналдық қызметтердің тарифі 1 шілдеден бастап өзгерді. Бұл туралы Астана қаласы бойынша Табиғи монополияларды реттеу комитетінің департамент басшысы Қанат Құлназаров коммуникациялар алаңында өткен онлайн брифингте мәлім етті.



ЖЫЛУ 20 ПАЙЫЗҒА ӨСТІ

Департамент басшысының айтуынша, Астананың тұрғындарын жылумен жабдықтау саласында табиғи монополияның үш субъектісі жұмыс істейді. Олар – жылу энергиясын өндіретін «Астана-Энергия» АҚ, жылуды тарататын «Астана-Теплотранзит» АҚ және жылумен жабдықтайтын «Астанаэнергосбыт» ЖШС.

– «Астана-Энергия» АҚ-ның тарифі еңбекақы шығындарын 892 млн теңгеге ұлғайтумен, газ, көмір, мазут сияқты стратегиялық тауарларды сатып алу шығындарын 5,8 млрд теңгеге өсірумен, жылу өндіру көлемінің 31%-ға артуымен және стратегиялық тауарлардың қымбаттауымен байланысты түзетілді. Өзгеріс мөлшері – 23%, 1 Гкал энергияның құны – 1 837,2 теңгеден 2 261,5 теңгеге өсті, – деді Қ.Құлназаров.

Ағымдағы жылдың екінші жартыжылдығында Астанадағы

жылумен жабдықтау тарифі артты.

– «Астана-Теплотранзит» АҚ-ның тарифі еңбекақы шығындарын 631 млн теңгеге ұлғайтумен, электр қуатына жұмсайтын шығынның 359 млн теңгеге жетуімен, жергілікті әкімдіктерден қайтарып алған желілерді күтіп ұстау шығындарын 180 млн теңгеге дейін өсірумен, желілерді реконструкциялауға 1,1 млрд теңге қосымша инвестиция салумен байланысты өсті. Демек, тариф 230,4 теңгеге, 1 Гкал энергияның құны 1 236,5 теңгеден 1 466,8 теңгеге дейін ұлғайды. «Астанаэнергосбыт» ЖШС-нің сумен жабдықтау тарифі еңбекақы шығындарының 180 млн теңгеге артуына, жылу энергиясын сатып алу шығыны 4 млрд теңгеге көбеюіне, жылууды тарату шығындары 2,5 млрд теңгеге өсуіне байланысты өзгерді. Сонда жылу тарифінің жиынтық өзгерісі халық үшін 20%-ға өсті, – деді департамент басшысы.

СУ ТАРИФІ 10 ТЕҢГЕГЕ ҚЫМБАТТАДЫ

Бүгінгі таңда департамент табиғи монополия субъектілерінің бәрінің тарифіне ұсынылған түзетулерді бекітті. Бұл тарифтер 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап қымбаттағанын айта келе, департамент басшысы тек жылу энергиясының жаңа тарифі ғана 1 тамыздан бастап қолданысқа енетінін жеткізді.

– Астана қаласының сумен жабдықтау және су беру саласында «Астана су арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны қызмет көрсетеді. Бекітілген тариф аясында мынандай шаралар көзделген: біріншіден, су беру желілерін жөндеп, реконструкциялауға, қондырғылар мен арнайы техниканы жаңартуға 1,2 млрд теңге қосымша инвестиция бөлу; екіншіден, электр қуатына жұмсалатын шығынды арттыру. «Астана арнасы» үшін бұл стратегиялық тауар болып есептеледі. Үшінші

– кәсіпорын жұмысшыларының орташа номиналды айлықтарын өсіру. Осы айтылған фактілерді есептесек, сумен жабдықтау және су беру тарифі халық үшін орта есеппен 10 теңге айналасында өзгертілді. 1 текше метр суық судың тарифі 48 теңгеден 58 теңгеге дейін, су беру тарифі 7,5 теңгеге өседі. Негізгі кәсіпорын тарифті 21 теңгеге немесе 37 пайызға өсіру туралы өтінім берген болатын, – деді Қанат Құлназаров.

ЭЛЕКТР ҚУАТЫ 2,5 ТЕҢГЕГЕ ӨЗГЕРДІ

Астананы электр қуатымен жабдықтау саласында департамент қызметін реттейтін 2 табиғи монополия субъектісі бар. Бірі – «Астана-РЭК» АҚ, екіншісі – «Астанаэнергосбыт» ЖШС.

Департамент басшысының мәлімдеуінше, «Астана-РЭК» тарифі электр қуатын сатып алу құны 32,7 млн теңгеге артуына, еңбекақыға жұмсалатын шығын 1,6 млрд теңгеге ұлғаюына, мемлекет меншігінен кәсіпорынға берілген желілерді күтіп ұстау шығындары 98,7 млн теңгеге артуына байланысты түзетілді. Тарифтің өзгеру мәні 64 тиынға тең. 1 кВт/сағ электрдің тарифі 5,38 теңгеден 6,14 теңгеге немесе 29,5% өсті.

– «Астанаэнергосбыт» ЖШС-нің электрмен жабдықтау тарифі энергия көздері мен энергия беруші кәсіпорындардың тарифінің өсуіне байланысты түзетілген. Сондай-ақ, еңбекақы төлеу шығындарының артуы да осыған ықпал етті. Тарифтің орта есеппен өзгеруі 2,7 теңгеге тең. 1 кВт/сағ электр құны 20,4 теңгеден 23,1 теңгеге өсті. Жалпы, кәсіпорындар тарифті 27,1 теңге ету туралы өтінім түсірген болатын. Халық үшін тарифтің өзгеру мәні 2,5 теңге болып отыр. 1 кВт/сағ электрдің құны 14,7 теңгеден 17,2 теңгеге ұлғайды. Өтінім 19,2 теңге болды, – деді Қанат Құлназаров.

ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Байқоңыр ауданының әкімі Ерлан Жаулыбаев «Қазақстан Темір Жолы» қызметкерлерімен бірге «жүрдек пойызбен» аудан маңындағы санитарлық-тазалық жұмыстарын тексерді.

Көшпелі аралау бағыты ескі теміржол вокзалынан ауданның шет аймақтардағы тұрғын алаптардың сыртқы бөлігіне дейін қамтылды. Жалпы, Байқоңыр ауданы қаланың ескі бөлігінде орналасқандықтан ондағы «Өндіріс», «Қазгородок» секілді тұрғын алаптардың үстінен теміржол өткелдері өтеді. Сол себепті аудан басшысы ауданның орталық бөлігінен тыс, шет аймақтарындағы, оның ішінде тұрғындар мен қала қонақтары қатынайтын теміржол өткелдерінің маңында да тазалық жұмыстары назардан тыс қалмауын бақылауында ұстап келеді.

Шет аймақтар да шет қалмауы керек. Себебі, алыс және жақын жерлерден елордаға келген қонақтар алдымен қаладан сыртқарырақ орналасқан елді мекендерді көретін болғандықтан, олар санитарлық нормаға сай болуы тиіс. Бұл ретте Астанада шет аймақтарды дамыту жұмыстары қарқынды түрде іске асуда. Үй алабында газдандыру, әлеуметтік нысандар мен жолдар салу, инженерлік инфрақұрылым, ауалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру бойынша бірқатар жұмыстар жүргізілуде.

Тексеру барысында жиналмай жатқан қоқыстар, үйілген металл қалдықтары және құрылыс материалдары анықталды.

Аудан әкімі аталған мәселелер бойынша тазалық жұмыстарын күшейтуді және тиісті санитарлық жұмысты қалыпқа келтіруді тапсырды.





ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Алдағы жылы 300 мыңға жуық астаналық газбен қамтылады. Елордада газ тарату желілерінің құрылысы үш кезекке бөлінген. 2021 жылы бірінші кезектің құрылысы, сондай-ақ ішінара газдандырудың екінші кезегі бойынша жұмыстар аяқталды.

Жұмыстың қалған 2 және 3-кезектері бойынша республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен 2022-2024 жылдарға жоспарланған. Бұл туралы қалалық коммуникациялар алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында Астана қаласы Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы отын-энергетикалық ресурстар бөлімінің басшысы Мақсат Есмағұлов мәлімдеді.

– Бүгінгі таңда Көктал-1 және 2, Агроқалашық, Теміржолшылар, Промышленный, Оңтүстік-Шығыс оң және сол жақтары, Күйгенжар, Мичурин, Интернациональный тұрғын алаптарында, сондай-ақ Потанин – Мәскеу көшесі, «Нұр-Бесік», «Ақбидай», «Қазақ ауылы» шағын аудандарында тұтынушыларды қосу толық қамтамасыз етілген, – деді М.Есмағұлов.

Газға 200 мыңға жуық тұрғыны бар 12 мың абонент қол жеткізді. Сондай-ақ 8 429 жеке,

1 газоблокты бұйымдар шығаратын зауыт, сондай-ақ 8 КТК қосылды.

Газ желілеріне қосылу құнын төмендету мақсатында әкімдікпен мынадай шаралар көзделген:

- Құны 100-ден 160 мың теңгеге дейін болатын халыққа есепке алу аспаптарын тегін беру;
- Халық банкімен бірлесіп 18 айға дейін бөліп төлеумен 750 мың сомада халыққа пайызсыз кредит беру бағдарламасы іске қосылды;
- Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін (жасы бойынша зейнеткерлер; мүгедектер, мүгедек балалар; көпбалалы аналар мен көпбалалы отбасылар) үйлерді газға қосу бойынша 130 АЕК немесе 448 500 теңге мөлшерінде өтемақы төленеді.

Сондай-ақ ЖЭО-1-де және ЖЭО-2-де 16 қазандық газға ауыстырылды.

17 әлеуметтік объект қосылған. Қалған 3 әлеуметтік

объект бойынша іске қосу-реттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Бүгінгі таңда қала бойынша 9 067-ден астам техникалық шарт беріліп, 20 мыңнан астам адамға кеңес берілді.

Биыл аудандық «Тұран», «Тельман» қазандықтарына және «Ильинка», «Тельман», «Пригородный», «Family Village», «Өндіріс» т/а-на газ жеткізу желілерінің құрылысы жүргізілуде. 80 км жоғары қысымды газбен жабдықтау желілері салынды. Осылайша, 2024 жылы 300 мыңға жуық халық газға қолжетімділікпен қамтамасыз етілетін болады.

Жалпы тұрғын алаптарын газдандыру және энергия көздерін газға көшіру шығарындыларды жылына 40 мың тоннаға азайтуды қамтамасыз етеді, сондай-ақ газ баллондарын пайдалануға байланысты төтенше жағдайларды азайтады. Сондай-ақ тұрғындардың тұрмысын жеңілдетеді.

«SMART ASTANA»: ЖАҢА САНАТ ҚОСЫЛДЫ

Мобильді қосымшада қала тынысын назарда ұстауға көмектесетін ақпараттар легі, қалалық қызметтерді қолдануды жеңілдететін бір арнаға тоғысқан функциялар бар, деп хабарлады Elorda.info

Қосымшаның «қауіпсіздік» сервистерінің жаңа санаты туралы Астана қаласының коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте «Smart Astana» жобасының жетекшісі Айдын Еспек айтып берді.

«Smart Astana» – бұл елорда тұрғындары мен қонақтарына арналған мобильді қосымша. Онда бірыңғай интерфейсте қалалық қызметтердің кең ауқымы жинақталған. Мобильді қосымшада қала тынысын назарда ұстауға көмектесетін ақпараттар легі, қалалық қызметтерді қолдануды жеңілдететін бір арнаға тоғысқан функциялар бар.

Қосымшаны пайдаланушыларға шұғыл қызметтерден пуш-хабарламалар келіп отырады. Мысалы, төтенше жағдайлар департаментінің ақпараты үздіксіз жарияланады. Сондай-ақ мобильді қосымшада су көрсеткіштерін, автобустардың қозғалысын да бақылауға болады. Қоғамдық көліктер туралы ақпарат қалалық көлікті тиімді пайдаланып, экологиялық жағдайға үлес қосуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қосымшаны пайдаланушылар ауаның ластану деңгейін де бақылай алады.

Қала тұрғындары «Smart Astana» қосымшасынан оқу, спорт мекемелері және өзге де ғимараттар жөнінде анықтамалық ақпарат ала алады. Мобильді қосымшаның басты артықшылықтары – қажетті ақпаратты оңай табу және қала тұрғындарының қалалық қызметтерді кеңінен пайдалана алуы.

Жобаның негізгі мақсаты – елорда тұрғындары мен қонақтары үшін ақпараттың қолжетімділік деңгейін арттыру, сондай-ақ қалалық қызметтер мен сервистердің сапасын жақсартуға үлес қосу. Мұндай мобильді қосымшалар қала тұрғындарының елорда өміріне деген қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

«Smart Astana» мобильді қосымшасында 2023 жылдан



бастап Ішкі істер министрлігімен бірлесе дайындалған «қауіпсіздік» сервистерінің жаңа санаты іске қосылғанын атап өткім келеді. Нақтырақ айтқанда, «Есірткіге жол жоқ» деп аталатын өтінім жіберу функциясы, ұрланған құралдарды тексеруге арналған база, төтенше жағдайдағы әрекеттер алгоритмі көрсетілген жадынамалар, бейнероликтер, велосипедті тіркеу функциясы, ойын-сауық орындарындағы қауіпсіздік деңгейін анықтайтын сервистер енгізілді. Бүгінгі күні кейбірі пилоттық нұсқада жүзеге асуда.

Мысалы, «Есірткіге жол жоқ» деп аталатын өтінім жіберу функциясы Астана қаласында есірткінің таралу орны туралы ақпаратты жергілікті органдарға жылдам жеткізуге көмектеседі.

Келесі функция – «төтенше жағдайдағы әрекеттер алгоритмі». Мобильді қосымшадағы бұл функция ғимаратта қауіпті жағдай туындаса уақтылы әрекет етуге көмектеседі, – деді спикер.

Оның айтуынша, бүгінгі күні «ұрланған құрылғылар базасында тексеру» функциясы қосымшаны жүктеп алған тұрғындар арасында белсенді пайдаланылуда. Себебі құрылғы жоғалған жағдайда иесінің бұл сервиске тіркеген деректерімен затты табуға болады. Ал «Велосипедті тіркеу» қызметі ұрлық сынды жағымсыз жағдайлардың алдын алуға көмектеседі.

Ол үшін тұрғындар меншіктерін техникалық құжаты бойынша тіркеуі керек. Сондай-ақ велосипедпен жүруге өтініш беру мүмкіндігі де осы қауіпсіздік сервисінде қамтылған.

Аталған қосымшаның келесі қызметтері түрлі ойын-сауық орындары сияқты жастар көп жиналатын жерлердегі қоғамдық қауіпсіздікке назар аудармақ.

«Smart Astana» қосымшасындағы келесі сервис - ойын-сауық орындарындағы қауіпсіздік деңгейін хабардар болуға арналған. Бұл сервиске келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін иелері қабылдаған шаралар деңгейіне байланысты ойын-сауық орындарының рейтингі беріледі. Мысалы, Рейтинг жасау кезінде өрт сөндіру құралдарының, бейнебақылау және мамандандырылған күзет қызметінің, дабыл түймелерінің болуы, сондай-ақ ойын-сауық мекемелерінің аумағында жасалған қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың саны ескеріледі. Азаматтардың «102» арнасына құқықтық тәртіпті бұзғаны үшін шағымданған өтініштерінің саны да назарға алынады. Айта кету керек, рейтинг тек ұсыныс сипатында, ал мақсаты елорда тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, – деп атап өтті жоба жетекшісі.

ӨНЕГЕЛІ АТА-АНА – ӨРЕЛІ ҰРПАҚ

«Қарашаңырақ» қоғамдық бірлестігі Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі, сондай-ақ қалалық Білім басқармаларының қолдауымен мектепке дейінгі ұйымдардың ата-аналарымен «Өнегелі ата-ана – өрелі ұрпақ» тақырыбымен рухани-танымдық кездесулерді бастаған еді. Сондай жүздесу «Аружан» және «Балбұлақ» балабақшаларында жалғасты.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Іс-шараның идеясы ұрпақ тәрбиесіне жауапты ата-ана өзі өнегелі, тәрбиелі, рухани бай болуы тиіс деген ұстанымға негізделген. «Аружан» балабақшасындағы шараға театр және кино актері, Қазақ радиосының жүргізушісі Сағаділді Үсібәлі қатысып, бала тәрбиесі туралы көзқарасын айтты.

«Бала тәрбиесіне ата-аналар жауаптымыз. Болашағымызды ойласақ, ұрпағымызға өзіміз үлгі-өнеге болуымыз керек. Баланың қарнын ғана тойдыруды ойламай, оның рухани дамуына, кітап оқу, өнерге баулу сияқты жақтарын да ұмытпауымыз керек. Баяғыда бір кісі «Балама бал жегізуді қалай қойдырамын» деп дана кісіге келген екен. Сонда ол «бір-екі аптадан кейін алып кел» депті. «Неге бір-екі аптадан кейін кел дедіңіз?» деген сұраққа, «Өзім де бал жеп жүрген едім» деген екен, сол сияқты балаға алдымен ата-ана өнеге болуы керек» деді спикер.

Шарада «Қарашаңырақ» қоғамдық бірлестігінің директоры, тарихшы-этнолог Тұрар Сәттарқызы баланы



ертегімен тәрбиелеу, ертегінің өнегесі, отбасында ұлттық құндылықтың маңызы жайлы айтып, ұрпақ тәрбиесіне тоқталды.

Ал «Балбұлақ» балабақшасындағы кездесуге Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театрының актері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Боранбай Молдабаев қатысты. Ол өскелең ұрпақтың рухани тәрбиесі жайлы сөз қозғап, театр – тәрбие ошағы екенін айтып, ата-аналарға баласын театрға жиі апаруға кеңес берді.

«Балбұлақ» балабақшасы елорданың «Пригородный» тұрғын алабында орналасқан. Осы орайда кездесуге қатысқандар қаланың шеткі аймақтарында мәдени ошақтар жоқтың қасы екенін айта келе, тұрғын алаптардағы мектептерге айына екі рет қаламыздағы театрлардан әртістер келіп, қойылымдар қойса деген тілектерін жеткізді. Ата-аналар тарапынан бірнеше баласы бар отбасылардың қалаға театрға баруы оңай емес екені, сондай мүмкіндік жасалса, тамаша болар еді деген ой айтылды.

Әуесқойлар көктем шыққаннан бастап балық аулау маусымын бастап кетеді. Дегенмен жаздың салқын самалында, кешқұрым су маржанын аулауға кірісетіндердің қарасы көбейеді.

ҚАЙ ЖЕРДЕ БАЛЫҚ АУЛАУҒА БОЛАДЫ?

Біз жақында елорда маңында қармақ салуға болатын орындар туралы ақпарат жинадық. Әзірге астаналықтарға қолайлы деген 5 орынға тоқталдық.

Бірінші, Есіл өзенінің жағалауы. Орналасқан жері: Ырысқелді қажы мешітіне жақын жағалау бойында және қала ішіндегі өзен жағалауында.

Қармаққа ілінуі мүмкін балықтар: кішкентай алабұға, сазан, табан, шортан.

Екінші, Нұра өзені бойы. Орналасқан жері: Қосшы, Тайтөбе, Сабынды ауылы. Қосшы мен Тайтөбе қаладан 25 шақырым, ал Сабынды Қорғалжын тасжолынан 75 шақырымдық жолда.

Қармаққа ілінуі мүмкін балықтар: шортан, алабұға, сазан, мөңке.

Сабынды ауылында балық аулау өте ыңғайлы. Мұнда қармақ тастаудан бөлек шағын дастарқан ұйымдастырып, табиғат аясында ас ішуге де болады.

Үшінші, Қоянды өзені. Орналасқан жері: Астанадан 20 шақырым жердегі Қоянды ауылы.

Қармаққа ілінуі мүмкін балықтар:

алабұға, шортан, сазан, күміс тұқы, мөңке.

Төртінші, Майбалық көлі. Орналасқан жері: Есіл алабындағы ағынсыз көл Астана әуежайының оңтүстік-шығысында орналасқан.

Қармаққа ілінуі мүмкін балықтар: шортан, тұқы, табан, сазан, алабұға, мөңке.

Бесінші, Сілеті өзені. Орналасқан жері: Астанадан Степногорск қаласына дейін 120 шақырым, әрі қарай Бестөбе ауылына жету керек. Ауыл жолымен өзенге шығуға болады.

Қармаққа ілінуі мүмкін балықтар: шортан, тұқы, табан, қарабалық, мөңке.

Қосымша ақпарат: Сілеті өзенінде балық аулауға және шомылуға болады. Өзеннің түбі құмды, сондықтан демалушыларға өте ыңғайлы. Кейбір жерде өзеннің тереңдігі тоғыз метрге жетеді, сондықтан мұнда әртүрлі балықтар жүзеді.

Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ, журналист

2023 жылғы 1 сәуірдегі мәлімет бойынша 7,1 МИЛЛИОН қазақстандықтың екінші деңгейлі банктерде кредиті бар. Жеке азаматтардың банк алдындағы қарызы 8 ТРИЛЛИОН 200 МИЛЛИАРД теңгеге жетті.

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

ҚАРЫЗ АҚШАНЫҢ
ҚАМЫТЫ

Әділетті Қазақстанның бастапқы қадамын көре бастадық. Оны жоққа шығара да алмаймыз. Алайда прогрессивті өзгеріс қандай жағдайда орын алады? Бұл сұрақты Мәжіліс депутаты Данабек Исабековке қойдық.

– Президент кәсіби дипломат болғандықтан алды-артын терең талдап, жеті рет өлшеп, бір рет кесіп, шешім шығарады. Елдің саяси-экономикалық құрылымын күрделі өзгерістерге бағыттады. Нақты көрінісі, мемлекетті одан ары демократияландыру үшін Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашыл болып, соған сай Президент және Парламент сайлауын өткізді.

Парламенттің сегізінші шақырымына сайланған депутаттар – елдің сөзін сөйлеп, ұлттың ұпайын қорғап, ойын ашық білдіретін тұлғалар. Мәжілістің отырыстары тікелей эфирден көрсетіледі. Онда елдіктің еңсесін тіктейтін көптеген мәселе көтеріліп жүр. Бұл – елдің саяси өміріндегі оң бетбұрыс.

Енді экономикалық бағытта не істеу керек? Үкімет осы бойынша ұтқыр шешім, ұтымды қадам жасауы керек. Мәселен, кредиттеуде жылдық пайыз мөлшерін төмендетуді ұсынар едім, – деп жауап берді халық қалаулысы.

XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында елдегі екінші деңгейлі банктер АҚШ банктерінен төмен пайызбен қарыз алып, өз халқына жоғары пайызбен үлестіргені әлі есімізде. Соның бірі – «Альянс Банк» АҚ. Банк қалалардағы әр аялдамадан филиалын ашып, кредитті оңды-солды шашты емес пе? Содан былайғы жұрт кредитке әбден бой үйретіп, қит етсе, банкке баруды әдетке айналдырды. Тіпті той жасаса да, ас берсе де, кредит алатын болды. Соның салдарынан қаншама адам қарызын уақытылы өтей алмай, тығырыққа тіреліп, шаңырағы шайқалды. Ұлттық Банктің мәліметінше, 2023 жылғы 1 сәуірде 7,1 миллион қазақстандықтың екінші деңгейлі банктерде кредиті бар. Яғни халықтың 36 пайызының екінші деңгейлі банктерге өмірі байлаулы. Қарыздың көлемі де қомақты. Жеке азаматтардың банк алдындағы қарызы 8 триллион 200 миллиард теңгеге жетті.

2020 жылы 392 мың адам уақытылы кредитін төлей алмаса, 2021 жылы бұл көрсеткіш 421 мың адамға жетті. 2022 жылы 534 мың адам, 2023 жылы сәуір айында 1,5 миллион тұтынушы кредитін 90 күннен кешіктіріп төледі. Бірінші кредиттік бюроның дерегі бойынша, сәуір айында банктердің 7,5 миллион клиенті қарызды уақытылы төлемеді. Бұл елдегі экономикалық белсенді халықтың 77 пайызын құрайды. Бұл – ойлантатын күрделі мәселе. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мәселеге алаңдайтынын білдірді де...



КРЕДИТ САЯСАТЫНА ӨЗГЕРІС КЕРЕК

Елдің әлеуетін арттырып, экономикасын дамытуда серпін беретін стратегия мен бағдарламалар қабылданып жатыр. Бұдан кенде емеспіз. Алайда халықтың әлеуметтік жағдайы оңалып, аузы аққа тигені шамалы. Бұл жайт Мәжіліс отырысында талқыланып, бірқатар депутат бұған екінші деңгейлі банктерді кінәлады.

ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒАР
ЖОЛ БАР МА?

Мәжіліс депутаты, заңгер Абзал Құспан кредиттің пайыз мөлшерін төмендету идеясын ұсынып, Үкімет басшысы Әлихан Смайловқа депутаттық сауал жолдады.

Абзал ҚҰСПАН,
Мәжіліс депутаты,
заңгер:

– Озық елдерде банк секторы шағын және орта бизнеске серпін беретін механизм ретінде қарастырылады. Жапонияның орталық банкі кредитті 1,4 пайыз деңгейде белгілесе, Нидерландыда – 2,83, Францияда – 3,48, Қытайда – 4,35, Германияда, – 4,7, Ұлыбританияда – 5,35, Канадада – 6,7, АҚШ-та 7,82 пайыз құрайды. Посткеңестік елдерде де кредиттеу біздің елге қарағанда төмен. Мәселен, Латвия мен Литваның орталық банкі пайыз ставканы 3,5 белгілесе, Ресейде – 7,5, Әзербайжанда – 9, Беларусьте – 10,5, Арменияда – 10,75, Грузияда – 11 пайыз деңгейінде. Орта Азия елдері: Тәжікстанда – 10, Қырғызстанда – 13, Өзбекстанда 14 пайызға бағаланады. Яғни орталық банк екінші деңгейлі банктерге төмен пайызбен кредит ұсынады. Біздің Ұлттық банк бекіткен пайыз ставкасы – 16,75. Сосын екінші деңгейлі

банктерге 56 пайызға дейін кредит беруге рұқсат береді.

Құдай-ау, сонда жерінің асты-үсті байлыққа тұнған Қазақстан халқы кредитті неге жоғары пайызбен алады? Бұған не себеп? Сарапшылардың айтуынша, пайыздық мөлшерлемнің жоғары болуы нарықтағы тауарлар мен қызмет бағасы негізсіз өсуіне әкеп соғады. Ендеше, елдегі қымбатшылыққа банктер де жауапты.

Ұлттық банктің мәліметіне сүйенсек, ВТБ Банк пен «Bereke bank» АҚ жылдық пайыз ставкасы – 21,5. Ал «Банк ЦентрКредит» АҚ – 23,6 пайыз, «Еуразиялық банк» АҚ – 23,7 пайыз, «Kaspi bank» АҚ – 24,4 пайыз, «Home credit bank» АҚ 28,5 пайыз көлемінде кредит береді. Бұған банктердің сақтандыру және тағы басқа міндетін қосыңыз. Сонда тұтынушы кредитті 4-5 жылға рәсімдеген жағдайда, банкке қарызды екі-үш есе қосып қайтарады.

Шын мәнінде, Ұлттық банк жылына 56 пайыздан аспауы керек деген шектеу халықшыл шешім емес. Бұл – халықты тығырыққа тіреп, белшесінен қарызға батыратын құбылыс.

2015 жылы қараша айында Арыз қаласында әскери қоймада жарылыс орын алып, сол кезде Президент ел тұрғындары алған кредиттің белгілі бір соммасын кешіретінін хабарлады. Сол

кезде халықтың иығынан жүк түсіп, жеңілдеп қалған-ды. Содан кейінгі жылдары халық арасында оқтын-оқтын «кредит кешіріледі» деген ақпарат тарайтын болды.

– Ел арасында мемлекет кредитті кешіреді екен деген әңгіме желдей есіп жүр. Неге? Өйткені кредитін төлей алмай жүрген адамдар көп. Расында халыққа ауыр тиіп жатқан екі фактор бар. Біріншісі – қымбатшылық, екіншісі – кредит.

Озық елдердің қаржылық, экономикалық мүмкіндіктерін терең зерттеп, Қазақстан Ұлттық банкі пайыз мөлшерін төмендетуді ұсынамыз. Айналып келгенде, бұл – халықтың тұрмыстық жағдайын оңалтудың нақты қадамы, – деді Абзал Құспан.

Халық кредитті қажеттіліктен алады. Нарықтағы қымбатшылық елдің тынысын тарылтты. Оның үстіне, инфляция деңгейіне адамдардың жалақысы жауап бермейді. Расында, елдегі қарапайым адамдар ай сайынғы табысынан қаржы жинап, баспана немесе көлік ала ма? Жоқ! Мұны бәріміз жақсы білеміз. Үкіметтің халықшыл бастамалары байыпты. Алайда бағдарламалардың жемісін халық көре алмай отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, ел байлығының тең жартысы 162 адамға тиесілі. Ат төбеліндей аз адам эконо-

миканың маңызды салаларын монополиялап, бәсекелестік ортаны тұншықтырып отыр.

ПАЙЫЗДЫ ТӨМЕНДЕТУ
МҮМКІН БЕ?

Егер екінші деңгейлі банктер кредиттің пайыз мөлшерін төмендетсе, онда халықтың әлеуметтік жағдайы оңала ма? Жалпы кредиттің пайызын төмендету мүмкін бе? Осы сұрақты экономистерге қойдық.

2020 ЖЫЛЫ 392 МЫҢ АДАМ УАҚЫТТЫЛЫ КРЕДИТІН ТӨЛЕЙ АЛМАСА, 2021 ЖЫЛЫ БҰЛ КӨРСЕТКІШ 421 МЫҢ АДАМҒА ЖЕТТІ. 2022 ЖЫЛЫ 534 МЫҢ АДАМ, 2023 ЖЫЛЫ СӘУІР АЙЫНДА 1,5 МИЛЛИОН ТҰТЫНУШЫ КРЕДИТІН 90 КҮННЕН КЕШІКТІРІП ТӨЛЕДІ

Жанкелді
ШЫМШЫҚ,
экономика
ғылымдарының
кандидаты,
профессор:

– Екінші деңгейлі банктер пайыз ставканы төмендетпе ала ма? Алдымен осы сұраққа жауап берейік. Бұл мүмкін емес. Неге? Өйткені банктер Ұлттық банктен 16,75 пайызбен қарыз алады. Қаржы институттары табыс табу үшін кем дегенде 8 пайыз қосады. Енді 16,75-ке 8-ді қоссаңыз, 24 пайыз шығады. Тағы да 24 пайызбен тұтынушылық кредит бере алмайды. Себебі инфляцияны есепке алады. Өткен жылы орта есеппен инфляция 20 пайыз болды. Олай болса, 24 пайызға тағы 20 пайыз қосуға тура келеді. Оған банк секторы өзінің түрлі қызмет түрін қосады. Сөйтіп, 56 пайыз шыға келеді. Міне, мәселенің мәні қайда жатыр?!

2015 жылдан бастап Ұлттық банк «инфляциялық таргеттеуге» көшіп, орталық банк пайыздық ставка саясаты арқылы халықтың тұтынушылық, жинақтау және инвестициялық тәртібіне ықпал етуді қолға алды.

P.S: Депутаттар мен экономистер кредит пайыз мөлшерін төмендету мәселесін көтерді. Ендігі шешім – Үкіметте. Таразының бір басында – халықтың әлеуметтік ахуалы, екінші жағында – бай-бағландардың жайлы өмірі тұр.

Үкімет таргеттеу саясатын өзгертіп, пайыз ставканы көтеруді тоқтату керек. Бұл экономиканы тежеп, шағын және орта бизнесті құлдырататын жоба. Бұл ойды экономист Мақсат Халық та қолдап:

– Банктердің тиімді пайыз мөлшерін төмендетуін құптаймын. Ұлттық банк 56 пайызға дейін рұқсат беріп, заңмен бекітті. Сөйтіп ел азаматтарын қарыздың қамытына батырып отыр. Менің ойымша, екінші деңгейлі банктер 30 пайызға дейін тұтынушылық кредит беретін болса, халықтың әлеуметтік жағдайы оңалады. Неге десеңіз, қымбат кредит азаматтардың жүгін ауырлатып, отбасылық бюджетіне үлкен шығын келтіреді. Әсіресе ұзақ мерзімге кредит алса, отбасылық шығындар еселеп артады. Соның салдарынан отбасының берекесі кетіп, кредиттен кредитке дейін өмір сүретін болады, – деді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Ұлттық банкті басқарған қаржыгер Ғалым Байназар таргеттеу саясатын зерттеп, әлемдегі 200 елдің 16-ында ғана қолданатынын, тиімсіз жоба екенін дәлелдеп, Ұлттық банкке нақты ұсыныс жасады. Алайда бас банкир алған бағытынан бас тартпайтын сыңайлы.

Экономист-ғалым Жанкелді Шымшық елде инфляция деңгейі жоғары екенін айтады. Қарапайым тілде түсіндірсек, инфляция – нарықта сұраныстан ұсыныстың жоғары болуы. Яғни сұраныстың артуы тауардың өзіндік құнын қымбаттатты. Біз тауарды қайдан аламыз? Импорттаймыз. Расында импортқа тәуелді елміз. Тұтынатын азық-түліктің 40 пайызын Ресейден тасимыз. Одан бөлек, Қытай, Италия, Корея, Нидерланды, Түркия, Өзбекстан және тағы басқа елдерден күнделікті тұтынуға керекті тауар түрлерін әкелеміз. Осыны өзіміз

өндірсек, жұмыс орындары ашылып, бағасын да анықтауға мүмкіндік болар еді.

– Қаржыгерлер, экономистер Ұлттық банкке инфляциялық таргеттеу саясатынан бас тартуды ұсынып, кредиттеуде пайыз мөлшерін төмендетуді талап етуде. Алайда орталық банк отандық экономиканы тежейтін бағдарды ұстанып отыр. Бұған не кедергі екен? Соны түсінбеймін, – дейді Жанкелді Шымшық.

Президент айтқандай, ел байлығының тең жартысы – 162 бай-бағланның иелігінде. Олар мемлекет саясатына тікелей араласып, өздеріне ұстаным шешім қабылдатуға ықпал ете алады. Кредит пайызы жоғары болғаны оларға тиімді. Кредит мөлшері депозитке тікелей әсер етеді. Ұлттық банк кредиттеуді 16,75 пайыз деңгейінде бекітсе, екінші деңгейлі банктер депозитке салған қаржыны 16-18 пайыз үстемемен кепілдендіреді. Мәселен, банкке 100 миллион теңге депозит салса, онда ай сайын 16 миллион теңге табыс табады. Көрдіңіз бе, заңдар бай-бағландардың қолайлы өмір сүруі үшін жазылғандай. Осындай ой түйдік.

Айгул
УАИС

Дәстүрлі дініміз – ислам діні қазақтың бар болмысын, салт-дәстүрін, ғұрпын ислам құндылықтарымен дараландырып, ділімізді ажарландырған еді. Ғасырлар бойы бабаларымызды мына жалғандағы тірлігінен сүріндірмей, ақыретін қамдаған. Қараңғыда адастырмаған шамшырағы. Бұл дін бабаларымыздың рухани танымымен ұштасып, ислам шеңберінде діни қатынастарды қалыптастырды. Оның тірегі - діни ортаның басында жүріп, әрбір қадамын реттеп отырған дін басылары, дін ағартушылары болған еді.

Жалпы, пенденің жер бетіндегі бес күндік сапарында халқымыз дін жолын білімді молдаларға тапсырып, олардың ар жағында тұрған ишандарға қол беріп, дін исламға қатысты ғұрыптың ислам негізінде орындалуын қадағалауды солардың міндетіне қалдыратын. Қазақтың иманы – ислам біліміне ұласып, ихсанымен көркейіп, жаны кемелденуші еді. Дін ағартушылары да ислам аманатына адал болып, жұртының ауызбіршілігі мен берекесін Алладан тілеп, кедей-кепшікке қамқор болып, ел тізгінін уысынан шығармады.

Қазақ даласында осылайша өз мәнерімен, өз ағымымен жүректерге нұр құйған асыл дініміз бір ғасырларда өркендеп, бір замандарда қысымға түссе де өз бағытынан, қызметінен ажыраған емес. Өкінішке қарай, сол қызметті атқарған «қожа-молдалар» түсінігімізден қалып, дін басшысы ретінде имамдар алға озды. Заманына қарай пайда болған ресми дін билігінің өкілдері қазіргі имамдар қалың бұқараны ескі жолынан біршама алыстатып жібергеніне куәміз. Обалы не керек, дәстүрлі дініміз, әдет-ғұрпымыз деп олар да айтады. Бірақ тамырында жемісі бар жерін қазбай, айналып өтеді. Осылайша небір жылдардың сынағынан өткен, елеп-екшеленіп, өзіміздің бар болмысымызбен тұтас болып кеткен діннің түп-тамырынан қоғамды құр қалдырып отырған жайы бар.

Соның нәтижесінде өзге елдің дәстүріне, бөтен ағымына елтігендердің қатары көбейіп, отыз жылда өз қағынан жерінген ұрпақ өсіп жетілді. Бұл да құдайсыз жетпіс жылдықтың кесірінен көмескіленіп қалған дәстүрлі дін жолына ауыр салмақ еді. Өзгенің бұрысын өзіне жөн көріп, бабасы қадірлеген киесін керек етпейтін жаңа ұрпаққа не айттарымызды білмей дағдардық. Өйткені дәл осы отыз жылда дәстүрлі дініміз туралы кем айтылды. Тіпті өз болмысымызды танымағандықтан бөтеннің бұйырғанына ұйып, «өзіміздікі» дегенге күмәнмен қарай бастадық. Дәстүрлі дініміздің туын көтергендердің соңын жарты ғасыр бұрын жер қойнына беріп, олардың көзін көргендердің, бүгінгі қайырысыз қалған жаңа толқынға ес болуы екіталай заман келді.

ДІНІМІЗДІҢ ТІРЕГІ БОЛҒАН

Ескі жолымызбен әлі күнге дейін қасиетті әулие-әзиздердің рухына дұға бағыштап, бей-маза жанымызға тыныштық іздегенде кесенелерін зиярат етіп жатамыз. Бұл біздің рухани дүниеміздің сан қырлы, тіпті өзімізге де беймәлім мың қатпарлы екендігінен және осы қасиет иелерінің шапағатына деғдарлығымыздан хабардар етеді. Бұл өткен замандарда қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі өзіне тән, Ясауи және мыңдаған сопылардың ізгі жолымен дәстүрге еніп, сол дінмен біртұтас болғанының

ДІНІМІЗ ДӘСТҮРДЕН ҚОЛ ҮЗБЕСІН



Дін, оның ішінде дәстүрлі дін дегенімізді қарапайым тілмен түсіндіріп көрейік. Егер мына қоғамымызды қазақы тон деп алып қарасақ, сол тонның етек-жеңін қымтап, байланған түйіні етке батпай, желдің өтінен қорғап тұратын ішкі бауындай деуге болар. Бау тозып, үзілсе дәл сондай матадан шақтап тігіп қайта жалғар еді. Ал үзілгенді жалғаудың сәті түспесе, тонның сыртынан кемер белдікпен қаусырары анық. Ол белді қыспай, жүріс-тұрысымызға қолайлы тонның ішкі бауындай бола алса жақсы.

дәлелі де. Ол ізді іздейтін болсақ, бұрынғы қазақ қоғамының құрылымында ерекше орны болған қожалар құбылысына бастайды. Қазақ жеріне ислам аша келген Бабтардың, ертеден қалған насабнама мәтіндерін зерттеген ғалымдардың еңбектері ғылыми ортада зерттеу нысанына айналып келеді. Қаратаудың арғы-бергі жағындағы ірі тұлғалардың кесенесі төңірегіндегі ізденістер өз жемісін берді. Нәтижесінде Бабтар бастап келген дін ислам жолын таратушылардың атқарған қызметін зерделей бастадық. Ежелден дәстүрімізге тән нәрсе, бабаларға арнап ас беріп, олардың мәңгілік тыныстаған мекенін аббаттандырып, шырақшылары зиярат етушілерге жағдай жасап, заманына қарай жаңаша қалыптасып келеді. Айта кетерлігі, мұның бәрі елдегі ресми дін өкілдерінің ықпалымен емес, халықтың өз қалауымен болып жатыр. Ал билік тарапынан да ықылас-ниет көрсеткендері аз болды.

Жалпы қазақ мұсылмандарының ресми билігі патша заманынан бастап қазақтың қолында болмаған. Еліміздің батысы мен шығысына «указной молдаларын» жіберген алғашқы ресми билік Орынбор мұсылман дін жиналысы деп аталды. Қазақтың дәстүрлі дініне келген қатерді сезген Шортанбай ақын:

Ал мына указной шыққалы,
Ұзатқан қызда неке жоқ.
Өлгендерде ысқат пенен
құран жоқ, – деп зарлады.
Ізінше қазақ даласында школдар ашылып, орыстандыру, шоқындыру үрдісі жүрді. Қазақтың алғашқы зиялылары да «жәдидшілікті» қалап қадимшілерге қырын қараған қысқа кезеңі де, дәстүрлі дініміздің көшін шөгере қойған жоқ. Атеизм идеяларына құрылған кеңес кезінде де мұсылмандарды бір орталықтан басқаруға тырысты. Болышевиктер билікке келген пәтінде

дін ағартушыларын қудалап, Сібірге айдап, атып-жойып болып, жылымық орнаған кезде құдаймен алысуын қойғандай еді. Сонда да қожаларға дін билігін ұстата қойған жоқ. Жақсысы, Ташкентте Орталық Азия және Қазақстан мұсылмандары дін басқармасында ресми билігін жүргізіп, халықтың иманының қалқаны болған қожа-молдаларды жөніне қойды. Дінге адал қожалар, бірде жасырынып, бірде билікке жалтақтап болса да өз қызметтерін атқара берді.

ҚОЖА-МОЛДА МИССИЯСЫ

Патша заманынан бастап, барынша діннен ажыратпақ мүддесіне қарамастан, қазақтың алыс ауылдарында қожалық жолын ұстанғандарға ешқайсысы да тікелей кедергі бола алмады. Өйткені олардың артында халқы болатын. Тар жерде қысылған жұртына жол көрсеткен ишан-қожа-молдалардың функциясы ауыр әрі құрметті болды. Кереметімен де кең жүрегімен де, керек болған кезінде тылсымның күшімен

шын мәнінде қамқорлық көрсетті. Дін ислам бір тұлғаның айналасында дамыды, айналасы кемелденді. Сол тұлғаның аузына қарап, шариятты сол адамнан білді. Халық әрине, білімі асқан, кереметі бар такуаны таңдады. Оны өзімізге жеткен аңыз-әпсаналардан ғана біліп, таңданып отырмыз.

Ескі жадымен, құдайсыздар қоғамында да қожа-молдаға деген елдің құрметі үдемесе кеміген жоқ. Қазіргідей ауыл сайын мешіт болмаса да сол тұлғаның үйінде дін жоралғыларын жасап, халықтың ауызбіршілігінің рухани орталығына айналдырды. Бұл да халыққа қажет іс, ескі жол, бітелген бұлақтан тамшылап аққан нәр еді. Қожа аталарымыз сол қажеттікті адал атқарды. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарына дейін жасаған үлкен әулеттің ишан-қожалары ауруды жазып, дем салып, тентегін түзеп мың бір бәледен, жүз бір жамандықтан сақтап отырды. Ташкенттегі мұфтияттың ауылдың қожасында ісі болмағаны да сол, қазақтың құбыласы орнында болды.

Бабаларынан бері келе жатқан жолы мен қызметіне адал аталарымыз, өкінішке қарай, көп құпиясын өзімен алып кетті. Әсіресе соңғы елу жылда атеизм қоғамымен барынша тістесіп, өз жолынан жаңылмаған асылдарымыздың мұрасына ие бола алмағанымыздың өкініші, қазір жер ортасынан асқан біздерге қатты батады.

«Жеті атасы пір болған, Балалары молда боп Парыздан мағына айырған, Қияметте қожалар, Дуана болып барады» деген Шортанбайдың зары біздің тұсымызда шарықтау шегіне жеткендей.

Шортанбай айтқалы, небір тар замандардан жұрнағы болса да бізге жеткен қожалық жолдың елесін болса да жадымыздан шығаруға тырысқан үдерістің, әсіресе соңғы отыз жылда, ел тәуелсіздігін алғанда қатты өршуінің себебі неде? Керісінше ұлттық дәстүрлі дініміздің шамшырақтарын қайта жағып, олардың қоғамдағы орнын жаңғыртуға талап қылуға болатын еді ғой. Қанша дегенмен, неше ғасырдан бері дініміздің тұтқасы болған, әулетінде кітабы сақталған қожалардың беделді ұрпақтары болды, әлі де бар еді ғой?!

ҚОҒАМ ҚАЖЕТ ЕТПЕДІ МЕ?!

Осыдан отыз шақты жыл бұрын егемен ел болғанымызда, бұрынғы қазилық, өз алдына шаңырақ көтеріп ҚМДБ құрылып, Мұфтият ашылды. Ташкенттегі басқармадан бөлініп, өз дініміздің иелігі қолымызға тиді. Өкінішке қарай, еге бола алмай қалдық. Нәтижесінде дәстүрлі дінімізден, сол дінге негізделген салт-санамыздан рухани тірегімізден ажырап, басқа масхаб, бөтен көзқарас, өзге ұстаным қазақ топырағында тамырын жайып, гүлдей түсті. Ерте піскен жемістерінің де ащы дәмі ернімізге тиді.

Отыз жылда рухани өмірінің қаймағының бұзылуын жылдамдатқан басты себебі қилы заманда да исламға адал болып, дін тұтқасын ұстаған, жамағатының тілін кәлимасына келтіріп, жаназасын шығарып жүрген қожалардың қызметін жаңа мұфтият, саналы түрде болмаса да жоққа шығарды. Жұмсақтап жеткізсек, елемеді, ескермеді. Керісінше ескі жол, бізге керек емес жол дегендей, азда болса, сол заманға жеткен ескі білімді қазыналы қарттарының тәжірибесіне сүйенбей, жастарды шетке шығарып оқытуға бейім болды. Діни бірлікке бастайтын құрылым төменнен емес, биіктен құрылды. Орталықтың пәрменін елде жүргізетін лайықты маман тағы жоқ. Дін билігі бұрынғы қожалар әулетінің өкілдерін бұл іске тартуды мақсат етпеді. Егер мәселе дұрыс қойылса, ел-елдегі, жер-жердегі дәстүрлі

діннің абыройын аспандататын бұрынғы өткен жақсылардың ұрпақтары табылар ма еді? Есесіне әліпті таяқ деп білетіндер, елге сыйы жоқ небір құлар молда болып, артынша «құрметі мен құрмасына» кенелмеген соң басына асығыс ілген сәлдесін тез шешіп, көз алдымызда дін-сенімімізге нұсқан келтірді. Бұл да мұфтияттың қателігі еді.

Ол аздай, қоғамда қожа-молданың қазақтың мемлекеттік құрылымындағы діни санаттағыларының жалғыз өкілі екенін ұмыттырып, оны рулық деңгейге түсіріп жіберді. Бұл да – қате. Қожалықтың артында үлкен ілім, ағартушылық, тарих пен тәжірибе жатқан еді. Оны жоққа шығару мүмкін емес, сол себепті қиянат деп бағаланды.

Барын бағаламағандық абыройсыздыққа әкеледі. Қоғам бірлігіне, руханиятына бағытталған қызметі әлі де қазақтың кәдесіне жараушы еді. Амал жоқ. Тағы бір үдеріс дәстүрлі дін құрылымының жылдам жойылуына себепкер болды. Бұл – кенттену үдерісі. Бұрындары халықтың құнары қазақы ауылында еді. Бір рулы елдің қожасы, сол тайпаның ортасында қызмет етті. Сол ауылдар кеңестер кезінде іріленіп, колхоздар совхоздарға айналғанда, шоғырын бұзбай көше-көшеге қатар жайғасып, қожасы сол ортада қызметін жалғастыра берді. Не қызмет дегенде, Абайдан артық айтқан ешкім жоқ. Яғни өмілерінің билігі. Олардың дін жолымен жерленіп, дүние есігін ашқан балаға азан айтып ат қойып, жастардың некесін қиып, алыс сапар шексе батасын алып, садақасы мен құдайысын берудің жолын көрсетіп, елдің рухани өміріне сызат түсірмеген батасы қабыл, дуалы ауыздар-ды.

Қазіргі кенттену үдерісінде ауылдағы қалаға көшкенде бұл құрылымның қазақ баласына пайдасы болмай қалғандай. Есесіне қалаға келгенге молда бар, мешіт ұстап отырған имам бар, тағысын тағылар. Ауыл-аудандар да мешітсіз қалған жоқ. Бірақ жамағаты жоқтың қасы.

Тегінде сөзіміздің басында айтып өткенмен, қазақтың дәстүрлі діні бір тұлғаның айналасында, дін ислам билігінің шуағында жайқалатын. Содан да, шетелден білім алған дипломды имамдар бұрынғыдай қожасына сенгендей, қожасына құрмет көрсеткендей, батасын алып, ауырса дем салдырып, отбасындағы барлық жағдайын бірлесе шешіп, кеңесіп отыратындай қазағына бедел бола алмады. Молданы тек кісі өлгенде іздейді. Жанына деғдар болып, тірлігінде серік еткен ешкім жоқ.

Бірақ дін керек. Қазір «араб-құл» деген сөз қатты айтады. Атеисттің дегенді ашық айтпайтындар «тәңіршілміз» деп адасуда. Бұларға исламның керегі аз.

Сайып келгенде, бізді бөлетін емес, халыққа жақын, жанашыр, тонның ішкі бауындай өз діні керек. Сол дінді алып жүретін, халқын ізіне ертетін тұлғалар керек. Бабалар жолымен жалғасып жатқан сол ізгілік жолының сәулесінің жарық болғаны керек. Сонда біз адаспаймыз. Соңғы отыз жылда елге тұтқа бола алмаған, исламның аты мен мешіттің беделімен күн кешіп жатқан мұфтияттың болашағы бұлдырлау, қызметі бұқарадан алыстау, әрі қолжетімсіздеу болып көрінетіні де бастапты арналарының көзін бітегеннен деп білеміз. Көне заманнан келе жатқан мына сөзде, молдаларға: «Адамдарға аптапта сая болыңдар, суықта киім болыңдар, аштықта нан болыңдар» депті. Осы сөз, молдалар бүгінгі имамдар қызметінің бар мағынасын ашып тұр. Басқа не қосып аларымыз бар?!

Осы орайда екі мәселе өзіне арнайы назар аударады: бірі – есімдер психологиясы, екіншісі – есімдер құқығы. «Есімдер психологиясы» деп есімнің мағынасындағы психологиялық ақпараттарды айтамыз. Есім мағынасы тұтынушы мен қолданушыға түрлі (жақсы, жаман, бейтарап) әсер береді. Қазіргі зерттеушілер есімдерді психологиялық жағынан бірнеше топқа бөліп қарастырады, олардың қатарына дәстүрлі есімдер, сән-есімдер, патриоттық есімдер, ерекше есімдер, ақылға қонымсыз есімдер т.б. жатқызамыз. Бұл есімдер өз мағынасымен қатар, ат қоюшының ойлау қабілеті мен эмоциялық күйінен де ақпараттар береді. Қоғамда болып жатқан өзгерістердің барлығы есімдер мағынасынан орын алады, өйткені адамның психологиясына көбірек әсер еткен немесе ойында тұрған арман-тілек ат қояр кезде тілге бірінші оралады. Қазіргі кезде қойылып жатқан есімдердің мағынасынан ұлттың өзіне оралуы, яғни тарихын тануы; сыртқы ықпалдарға еліктеуі, шығармашылық ізденістері т.б. көрініс тапқан. Бұның барлығы – бүгін ғана пайда болып отырған жаңалық емес, ертеден бар және біздің қоғамға ғана тән емес, әлемнің басқа елдерінде де бар психологиялық құбылыс.

Ат қоюдың өзі адамның өмірге келуімен тікелей байланысты. Ол жаңалық жақын жандарды түрлі эмоцияға толы әсерлерге бөлейді, екіншіден, сәбиге ат қою міндетін жүктейді. Әлем елдерінің басым көпшілігінде, дүние есігін ашқан жаңа адамға ұзаққа созбай есім беру дәстүрі орныққан, сондықтан көп жағдайда эмоциялық күйден айықпай жатып есім ойлап табуға немесе таңдауға тура келеді. Ерекше, ақылға қонымсыз есімдердің пайда болуы осындайдан туындайтын секілді, ол түрлі жағдайларда көрініс береді. Мысалы, адамның эмоциялық жағдайында, белгілі бір тұлғаға деген құрметі т.б. жағдайында, қоғамдық көзқарастардың ықпалы жағдайында т.б. Ондай есімдер төл сөздерден және кірме есімдерден болуы мүмкін. Біз соның ішінде кірмелерге ғана тоқталуды жөн көріп отырмыз.

Әріге бармай-ақ XX ғасырдың басынан бергі тарихымызға үңілсек, қоғамда болған саяси, мәдени, экономикалық, технологиялық өзгерістердің барлығы кісі есімдерінің құрамынан орын алған екен. Адгонбай, Армия, Большевик, Буденный, Бригад, Буолетень, Водокачка, Виссарион, Артек, Березняк, Архимед, Байрон, Берлин, Газет, Гелий, Дыты, Жандарал, Жанполь, Искра, Ленмар, Маркс, Медаль, Мотор, Мытыс, Облысбек, Пороуч, Рабфак, Салют, Самолет, Союз, Сталин, Фронтбек, Целина, Шофер, Электрификация, Экскаватор т.б. сол кезеңде өмірге келген тәзімдерге қойылған есімдер. Тізімді ары қарай соза беруге болады, алайда сол кездегі көптеген жағдайларды еске алғуа осының өзі жеткілікті. Бұл есімдердің шығу уәждері мен мағынасында адамдардың сол жүйеге, соның элементтеріне деген сенімі, келер күнге деген үміті көрініс береді. Біртұтас алып қарағанда, мұнда социализм дәуіріндегі қоғамдық көзқарастардың картинасы бейнеленген.

Тәуелсіздік алған жылдар ішінде де сырттан енген есімдер саны саябырлаған жоқ. Әлем елдерімен арадағы байланыс, ақпараттар тасқыны қоғамдық санаға екінші жағынан әсер етті. Саяси жағдай халық үшін қолайлы болғанмен, түрлі бағыттағы ақпараттар мен шетелдік фильмдердің қоғамдық санаға ықпалы соның бір көрінісі еді. Қазақ есімдерінің арасына сыналап кіре бастаған Моника, Круз, Том, Анжелика,

ҚАЗАҚ ЕСІМДЕРІНІН ПСИХОЛОГИЯСЫ

Есім – адамды атайтын тілдік құрал. Оны жеке иесінен гөрі, сырттайғы адамдар көбірек қолданады. Психологиялық басымдыққа ие, сондықтан «жақсы есім – жан тынысы» десек қателік болмайды. Жақсы есімді айтқанда, айтушы да, тыңдаушы (есім иесі) да сүйсінеді. «Жақсы» десе жан семіреді» демекші, тілде жақсы есімнің бар болуының өзі адамға сүйініш сыйлайды. Қазіргі қолданыста қайта жаңғырған немесе ортамызға қайта оралған Айсұлтан, Алдияр, Әлихан; Айару, Айзере, Ақнұр т.б. секілді есімдер жеке адамдардың ғана емес, барша көпшіліктің мақтанышы. Мұндай есімдер тілімізде көптеп саналады, олар – халқымыздың ғасырлар бойғы ат қою шығармашылығының, көркемдік ізденістерінің нәтижесі. Сондықтан, есім жеке адам үшін де, қоғам үшін де өте маңызды.



Джорж т.б. сол ақпараттар тасқынының нәтижесі. Еліміздің аймақтарында Саддам, Бен Ладен, Буш, Билклинтонбек т.б. секілді көшбасшылардың есімдері де көрініс беріп қалды. Қоғамдық пікір мен көзқарастар жеке адамдарға ықпал етпей тұрмайды, сонымен қатар ат қоярдағы жеке адам эмоциясы да үнемі құрықтауға көне бермейді. Есімдер психологиясы дегенде мынадай екі мәселе айтылады: бірі – есімдердің өзін тұтынушыға әсері, екіншісі – қоғамдық көзқарастардың есімдерге ықпалы.

Бір мәселені көтерсек, артынан мың түрлі сұрақ туындайды. Ілгерідегі есімдермен аталған сәбилер өзін қалай сезінеді екен? Ол – қазақ қоғамының мүшесі, соның ішінде қазақ ұлтының өкілі. Өз ұлтының өкілі ретінде ол туған қоғамына қаншалықты сіңісіп кете алады немесе жүрген айналасы оны есімімен бірге қабылдап, сол ортадан өзіне лайықты орын алғанша қанша уақыт өтеді? Бұл орайда ұлттық дәстүр, менталитет, тіл мен діл мәселесі өзіне жат есімді өгей санамай тұра ала ма? Әсіресе кісі есімі адамның діні мен діліне сәйкестікті қажет етеді. Өткен тарихымызға тағы бір көз жіберсек, соған дейін сырттан енген есімдердің дені діні бір араб пен парсы тілдерінен екен. Кеңес заманында сол тұтастыққа үлкен сызат түсті. Ал енді дініміз еркіндік алып, жұртшылық оның ұлттық ерекшеліктерімізбен ұлттық дәстүрлеріне ден қоя бастағанда, Алланың есімімен азан шақырып тұрып, діні бөлек қауымының есімін қою көрініс бере бастады. Кеңес заманындағы дінге деген көзқарастардың салқыны бүгінгі күнде де жойылмай сақталып отыр деп ойлаймыз. Ауырлау болса да айтпауға болмайтын екінші бір маңызды мәселе – адам дүниеден өткен сәт. Оған осы есімімен жаназа оқыла ма, аруаққа бағыштап құран оқығанда Иванға немесе Иван ұлы Бөленбайға деп бағыштау қаншалықты көңілге қонымай?!

Кісі есімдерінің құрамы уақыт талаптарымен бірге өзгеріп, жаңғырып отырады, сондықтан ілгеріде аталғандар есімдер жекелеген адамдарға қойылғанмен, сөздік қорда сақталып қалмауы да мүмкін. Екіншіден, кірме есімдердің тілімізге енуі мен тұрақтап қалу тарихында белгілі бір шарттар бар. Тілдің заңдарына сәйкес бейімделу, діни сенім мен ұлттық дәстүр бірлігі, ұлт мүддесіне сәйкес қоғамдық көзқарастар уәжі т.б. осы шарттардың құрамды бөлігі. Қазақ есімдерінің қазіргі жағдайында осы шарттардың тұтастығы мен беріктігі аса маңызды. Бұл мәселе алдағы күндерде өз шешімін табатыны рас, алайда қалай табады: ұлттық есімдер өзінің тұтастығын сақтап, мағынасы жат есімдерді ығыстырып шығара ма, әлде қорғанысы сетінеп, «кім болса сол» кіріп шыға беретін ала-шұбар тобырға айнала ма? Қоғамда есімсіз адам болмайды және осы есімдердің тұтастығы – ұлттың, сол ұлт құрып отырған қоғамның тұтастығы. Қоғамдық сананың есімдерге, есімдердің адамға ықпалы айналып келіп тұратын үздіксіз үдеріс. Ол адам, есім, қоғам үшеуінің бірлігін құрайды және азаматтардың ұлттық көзқарастары мен қоғамның ұлттық бейнесінің сипатын көрсете алады. Сондықтан, тілдегі кірме есімдердің қойылу жиілігі әлеуметтік психологияның да бір көрсеткіші болып табылады.

Есімдер психологиясы мен есімдер құқығы өзара сабақтас, біріншісі екіншісіне ықпал етіп отырады. «Есімдер құқығын» екі жақты қарауға болады. Бірінші – ұлттық есімдердің өмір сүру құқығы, екіншісі – азаматтардың есім иелену құқығы. Ілгеріде ұлттық есімдер – халқымыздың ғасырлар бойғы ат қою шығармашылығының жемісі екенін айттық. Демек, оның мәдени мұра ретінде қорғалуы шарт. Өзінің ұлттық болмысын сақтау үшін дұрыс таңдалуы тиіс (Қуат емес Қуат немесе Скендір емес, Іскендір т.б.); қазақ есімі не оның компоненттері кері

тәжірибеге пайдаланылмауы тиіс (Байдөкспо, Ақпантоқпан-тураркожа т.б.); итке немесе т.б. жануарларға қойылмауы тиіс және арнайы құқықтық нормалары белгіленуі тиіс. Мысалы, ат қойғанда баланың намысына тиетін, ұлттық құндылықтарға қайшы мағынадағы сөздерді таңдауға, қазақ халқына опат әкелген адамдардың есімін, бірнеше сөзден тұратын айтылуы да, жазылуы да тым ұзақ, қолайсыз есімдер қоюға тыйым салу. Азаматтардың есім иелену құқығы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексте қарастырылған, енді осы құжатты ұлттық мүддеге сәйкес жетілдіру қажет.

Ілгерідегі есімдер дүниеге жаңа келген кішкентай азаматтардың есім иелену құқығының қаншалықты бұзылатынын көрсете алады. Сәбидің өз құқығын қорғай алмайтын жасында қойылған кездейсоқ есімдер кейін оның болашағына, өмірден өз орнын иелену бәсекесінде көп кедергі болуы мүмкін. Соған бір мысал – соңғы жылдары елімізде өткен үлкен шаралардың атауы кісі есімдеріне айналғанын білеміз. Осыған байланысты Азия, Азияда, Самит, Самитта, Самитхан т.б. секілді есімдер пайда болып, біршама балаға қойылды. Телеарналарда сол сәбилерді ата-анасымен шақырып, осыған байланысты осы есімді қойғанымызды түсіндіреміз» деген сөзі. Ата-ананың түсіндіруі жеңіл, өйткені бала біреу-ақ, ал кездейсоқ есім иелерінің өмірінде танысқан мыңдаған адамдардың бәріне түсіндіріп отыруын көз алдымызға қалай елестетер едік... Ата-ана-

Біртұтас қазақ есімдерінің қоры – халқымыздың ат қою мәдениетінің айнасы. Бұл айна өзінің тазалығымен, ұлттық негізінің терең әрі беріктігімен ерекшеленуі тиіс, солай болғанда жеке адамды өзгелерден даралаумен қатар, тұтастай ұлтты айшықтау әрі тәрбиелеу құралына айналады

ның бір сәттік эмоциясы бала есімін мақтаныш емес, арқалап жүретін жүгіне айналдырып отыр. Бұл – сәтсіз қойылған есімдердің барлығына қатысты мәселе. Белгілі бір оқиғаның кісі есіміне айналуы ат қою дәстүрінде бұрыннан бар екенін осы орайда атап өткен орынды. Жаңбыр жауып тұрғанда туған балаға – Жаңбырбай, желді күні – Желдібай, Дауылбай, аптаның қай күнінде туылуына байланысты Дүйсенбай, Сейсенбай т.б. есімдер қойылған. Арғы жағы туған табиғатпен үйлесім табу философиясына байланып тірелетін көне замандардан жеткен дәстүр. Ата дәстүрімізді ардақтағанымыз дұрыс, алайда уақыт талаптарымен де санасуды ұмытуға болмайды. «Балам аман болсын!» деген тілекпен ырымдап қойылған Итбай, Итемген, Боқкөтен, Сасықбай т.б. ыңғайсыз есімдер болды тілімізде, алайда кейін олар Амандық, Тұрар, Тоқтар, Өмірзақ т.б. секілді жаңа формалармен алмастырылды. Қойылу мақсаты мен мағынасы ортақ, алайда мәдени сапасы әртүрлі есімдер уақыт талаптарына сай жаңаша

шешімдерін осылай тапқан. Қазақ есімдерінің эволюциясында мұндай сәтті өзгерістер көп және ол алдағы даму бағыттарын айқындау үшін арнайы зерттеуді әрі бүгінгі күннің тәжірибесіне пайдалануды қажет етеді. Бүгінгі азаматтарымыз қуаныш пен ақ тілекке толы таза көңілін сәбиінің есімі арқылы беруді жөн санаса, кішкентай есім иесінің ертеңгі көңіл-күйін де ойдан шығармауы тиіс. Халқымыздың ат қою дәстүрі де осыған меңзейді.

Біртұтас қазақ есімдерінің қоры – халқымыздың ат қою мәдениетінің айнасы. Бұл айна өзінің тазалығымен, ұлттық негізінің терең әрі беріктігімен ерекшеленуі тиіс, солай болғанда жеке адамды өзгелерден даралаумен қатар, тұтастай ұлтты айшықтау әрі тәрбиелеу құралына айналады. Адамдық болмысының рухани бөлігі, өзгелермен байланыстырушы – есімі сәбиді өзінің ұлттық әлемімен жалғастыруға қабілетсіз болса, ондай баланы, неге сен өз ұлттыңды сүймейсің деп кінәлауға бола ма немесе «мынау сенің бабаңнан қалған мұра, оны құрметтеуге тиіссің» деген сөздің қаншалықты пәрмені болмақ? Бола қалғанда да, туған дәстүрге тумысынан жат ұл-қызды ісіндіре алар ма екенбіз? Сөз зергері Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдатындағы» мына жолдарға назар салайық «Бетің қисық болса, айнаға өкпелеме» дегенді білетінмін, бірақ осы айнаның өзі де қисық шығар дегім келеді. Айнаның қасында менен басқа бала жоқ болып шықты. Ал өз суретімді суға түсіп жүргенімде талай көргенім бар, мына сұмпайыға ллуде бір мүшем ұқсамаса керек еді. Тап мынадай болған түрімді бұрын-соңды ұшыратқан емеспін». Кейіпкер екі ойлы болып тұр: бір ойы – «айна қисық» десе, екінші ойы – «өзін сұмпайы» көреді. Кірме есімдердің жағдайы да осыған ұқсайды: ұлттық айнаның алдында өзі бөтен немесе айна бөтен. Таспен жапалақты ұрсаң да, тасты жапалақпен ұрсаң да жапалақ өледі. Өзін бөтен сезінсе де, айнаны жатырқаса да ұлттық мүдде жапа шегеді. Әсіресе дыбыстық жағынан игеріліп, ұлттық сипат алмаған қазіргі қойылған шет ел есімдерінің мәселесі көп ойландырады. Олар қазақтар қойды дегенмен, қазақ есімі бола алмайды.

Кісі есімі адамның өзі үшін ғана емес, тұтастай қоғам үшін де маңызды. Жеке адамның көзқарасына сәйкес келгенмен, есім қоғам мүшелерінің қабылдауына қиындау келтірсе, тұтынушы-иесі үшін де жеңіл емес. Ол жағдай есім мағынасының ыңғайсыздығы, ұлт, дін, есім үшеуінің сәйкессіздігі секілді ерекшеліктері арқылы білінеді. Егер ел ішінде Круз, Том, Джорж немесе Иван, Василий, Виссарион т.б. секілді есімді ұлты қазақ азаматы жүрсе, жұртшылық арасында осы есімге үйренгенше не басқаша ат қойып алғанша біршама уақыт өтетіні белгілі. Сондықтан, ұлт пен оның өкілі біртұтас болуы тиіс, ол үшін ана тілімен қатар есімінің ұлттық болуы шарт. Қазақ есімі – адамға қазақ қоғамның бір мүшесі ретінде сіңісіп кетуіне, өз ұлтының толыққанды өкілі ретінде өзгелермен байланыс орнатуына мүмкіндік береді. Міне, осы тұрғыдан келгенде, қазақ тіліндегі кісі аттарының болашағына абайлап қарап, бүгінгі таңда белең алып отырған шетел есімдеріне әуестенушілік секілді кейбір жат құбылыстарды бекзедету, шама келсе тұтастай тоқтату кезек күттірмейтін мәселе.

Бекжан ӘБДУӘЛИҰЛЫ,
Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық универси-
тетінің профессоры,
филология ғылымдары-
ның докторы

Отызыншы жылдардағы ел басына төнген қалың нәубат зауалы, ел ішіндегі аухалдың өзгеруі, кіші октябрь саясатының «аша тұяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын» деген талап әсері халықтың күн көрісінің қиындауына, аштықтың басталуына алып келді. Қазақстанның әр жерінде халықтың толқуы, елдің наразылығы күшейді. Голощекиннің саясатына қарсы Шұбартауда, Абыралының «Ақсай», «Самай», Шыңғыстаудың «Қарауыл», «Қарадыр» сияқты елді мекендерде де ел азаматтары көтеріліске шығады. Бұл тек мал-мүлкінен айрылған байлар ғана емес, малсыз, күйсіз қалған көптің ызы-кегі, жан ашуы еді. Қолдан жасалған ашаршылықтың аз ғана алдында қалған жаны да, тіршілігі де малмен тікелей байланысты халықтың «белдеуде бұзау қалмасын» атты ұранға қарсы бір тұяқ серпер қауқары да осы болатын.

«Шыңғыстау көтерілісі» деген атпен тарихта қалған кеңестік саясатқа қарсы шыққан көтерілістің белді мүшесі Зият Шәкәрімұлы еді. «Сендердің бір-екі жүз сойыл, он шақты мылтықтарыңнан құлайтын совет үкіметі жоқ! Мұның тамыры тереңде. Тоқтандар, тыйылыңдар қарақтарым! Жалпақ жұрттың обалына қалмаңдар» деп тыйым сөз айтқан Шәкәрім сөзіне ұйымдастырушылар тоқтай қоймайды. Ел арасына «Шәкәрім қажы бізбен бірге» деп өтірік әңгіме шығарып, халықты алдап ұйымдастырып, 1931 жылдың қыркүйегінің басында көтеріліске шығады. Қару-жарағы, өздері де аз, әрі мұндай дүниені бұрын көрмеген қалың көтерілісшілер талабын кеңестік отряд бірден талқанын шығарады. Дүркірей қашқан көтерілісшілер еріксізден тау ішіне қашып, Шыңғыстауды пана тұтады, «Банды» атанады. Зият болса, Шыңғысты ұзақ пана-лай алмасын білгендіктен осы жолы Шәкәрімнің мақұлдауымен көтеріліс басшылары Бердеш, Қасымбекке еріп Тарбағатайдың арғы бетіне Қытай еліне алыс сапарға аттанып, жан сауғалайды. Бұлар түнделете жасырын жүріп ескіше оқыған, дін жолына берілген, ел-ішінде атақ-абыройы жоғары Сонабайұлы Иса қажының ауылына жетіпті.

Зияттың осы Сонабайұлы Иса қажыға арнаған:

Меккеге тауап етіп барған қажы, Мешіт пен медресе салған қажы. Аш-арық адамдарды тойындрып, Көз қырын мүсепірге салған қажы, – деп басталатын сегіз тармақты өлеңі сақталған.

Зият Қытайға барғаннан кейін әкесінің қапылыста оққа ұшқанын естиді. Сондағы жоқтауынан үзінді келтірсек:

“

Ақынның ұстанған бағыты анық. Арлылық пен азаттықты бетке ұстанған ақын жалғыз емес. Бірақ солақай саясаттың ұстанымымен өңкей зиялылардың бір жерге азапты, аянышты күн кешуі өкінішті-ақ. «Өз халқын зар илеткен большевиктер, ешкімге олар түбі опа бермей» деген ой тек Шәкәрім баласының аузынан ғана шыққан сөз емес, сол кездегі Шыңсы Сайдың түрмесіне қамалған, ел болашағын ойлаған Таңжарық сынды зиялылар айтар сөздер

Қажы еді әкем кәрі шал, Жетпіс үште жасы бар. Анық жеміс алғанға Шөлдеген жанға еді бал. Сүйегің қалды қиырда-ай, Басыңа халқың жиылмай. Туысқан бауыр, балаңнан Топырақ қолдан бұйырмай.... Жыярма сегіз жасымда, Жалғанның көрдім тарлығын.



ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

(ЗИЯТ ШӘКӘРІМҰЛЫНЫҢ МҰРАСЫ ХАҚЫНДА)

Туғанына биыл 165 жыл толып отырған Шәкәрім Құдайбердіұлының ақындық ізін, адамгершілік мұратын жалғастырған, артына мол әдеби мұра қалдырған талапты балаларының бірі – ақын, драматург, журналист Зият Шәкәрімұлы.

Қайғыны салдың басыма
Ең ауырын барлығын.

Жоқтаудан көріп отырғанымыздай, Зият Қытайға 28 жасында барған. Иса қажы ауылында аз-кем тыныққан соң қалың елді аралап, тарақты Тышқанбайдың Қабдолла деген баласының ауылында болады. Қабдолла – заты осы күнгі Абыралы жерінікі, Шәкәріммен тұстас, ескіше оқыған, зиялы адам. Зият жастары шамалас Қабдолла-ның Айтқазы деген баласымен дос болады. Айтқазы көзі ашық әкесінің арқасында Семей қаласында 5 жыл орысша оқыған сауатты, аңшылыққа да құмар, алғыр құс, жақсы мылтық ұстайтын аңшы жігіт болады. Екеуі 1932 жылы Үрімші қаласына барып өлкелік үкіметтің ағарту ісінің бастығы Сейітқазы Нұртайұлының көмегімен арнаулы оқу орнына түседі. С.Нұртайұлы – Уфадағы Ғалия медресесін бітіріп, елде молда болып, одан кейін Орынборда гимназияда оқып, Ақмола қаласына келіп қызмет істеген жан. А.Байтұрсынов, М.Дулатов сынды алаш арыстары әсерімен туған халқының көзін ашып, сауаттандыру жұмысына белсене араласады. Ахмет, Міржақыптар тұтқындалған кезде Ақмоладан Шыңғыстауға келіп, Шәкәрім қажының аулында жасырынады. Онда да қауіп төнген соң Зайсанға кетіп, аяғында Қытай кетіп, Абақ керей ішіне сіңеді. Зият пен Айтқазы С.Нұртайұлының көңілінен шыққаннан соң, әрі Абай, Шәкәрім ауылынан көрген жақсылығы бар азамат екі жігітке үйінен орын беріп, тілеген оқуларына түсіреді. Сол жылы Зият Сейітқазының туған қызына үйленіп, отау болып шығады. Оларға жәрдемші Қабдолла ағай болады. Оның:

Бір ауыз сәлем жаздым Зият саған, Кеше көрген бүгін жоқ пәни жалған. Қажыға тартып туған асыл Зият Көтерсін мәртебенді хақ тағалам, – деп басталатын сегіз жол өлеңі сақталыпты.

Зият Шәкәрімұлы 1934 жылдан бастап Шыңжаң өлкесінің Алтай аймағының оқу-ағарту бөлімінде қызмет істесе, Айтқазы Ақсу қаласына есепші қызметке аттанады. Зият Алтай аймағында тұңғыш рет «Аюбай үкіртай» деген пьеса жазып, сахнаға қойғызады.

1935 жылы Зият қазіргі Шыңжаң-Ұйғыр автономиясының орталығы Үрімші қаласындағы қазақ-қырғыз ағарту ұйымының ойын-сауық бөлімінің,

«Шыңжаң» газетінің қазақ редакциясы әдебиет бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарады. Осы кезеңдерде «Қарағөз», «Шұға», «Қалқаман-Мамыр», «Жалбыр» пьесаларын сахнаға қояды. Отызыншы жылдары Шыңжаң халқының Мамыр төңкерісіне арналған Әнұранын Жәкеұлы Мұқашпен бірлесе отырып қазақ тіліне аударып, жастар арасына таратады.

Сейітқазы 1937 жылы Қытай жерінде «халық жауы» атанып тұтқындалғанда Зият та қоса алынып, қайтып оралмайды. Кейбір ел ішінде айтылатын деректерде Зият Сібірге айдалып, сол жақта көз жұмған дейді. Айтқазы да түрме дәмін татып, 1942 жылы ғана босап, өз ауылына аман-есен оралады.

Зият – Абайдың ақындық дәстүрінен тағылым алған Шәкәрімнің ақын ұрпақтарының бірі. Жоғарыда үзінділері келтірілген шығармалармен қатар оның артынан өзге де мұралар қалды. Оның бірі «Әкемнің қайғылы қазасы» деп аталады. Әке өлімін естіп, қатты қапаланған ақын:

Қан жұтып, қасірет шеккен мен Бір жанмын, Мен неге оққа ұшпай жалғыз қалдым. Өкінбес ем қажымен бірге өлсем, Тағдырдың жазмышынан тірі қалдым, – деп басталатын отыз екі жолдан тұратын өлең шығарады. Онда әкесінің жарқын бейнесі жан-жақты ашылады.

1931 жылы Зият Қытайға аттанғанда Шәкәрім қажы өзінің тақымына басқан Қоңыр атын Зиятқа беріп, Шақпақтағы қорасынан «Керегетас» деген жерге дейін шығарып салады. 1935 жылы ел-жұртын, туған жерін сағынған Зият Шәкәрімұлы өзіне серік болған атына арнап «Қоңырат» деген өлең шығарады.

Әкемнің бір көзі бар менен басқа, Тақымына басқан Қоңырат міне, осында. Мыңдаған ұзын сапар жолды басып, Серігім, қанатым сол жүр осында. Алтай аймағының Сарсұмбе қаласында туған жерден жырақ жүрген ақын әкесінің көзіндей болған тұлпарының ерекшелігін де жыр жолдарына енгізген. Иесінің атты айрықша баппен үйреткенін «Шауып келіп, оққа қойып суарса да, Індетті жұқтырмайды сом денесі» деген жолдардан байқай аламыз. Қоңыраттың ең басты ерекшелігі – қандай қиын жағдайға тап келсе

“

Ақын өзі айтқандай, уақыт өзі төреші болып Зият ойының ақиқаттығын қазір заман көрсетті. Жетпіс жылдай үстемдік құрған қызыл өкіметтің қанды істері де ашылды. Бірақ ол тек Кеңес үкіметі аумағында емес, шығыс Түркістан жерінде де ел болашағын ойлаған қаншама адамдардың, зиялылардың өмірін қиып кетті

де, иесін далаға тастап кетпейтіндігі. Бұл – иесіне деген адалдығы. Шәкәрімге ыстық болған тұлпардың оның баласы Зиятқа да серік болғандығы. Елсіз дала Шақпақта қатты науқастанып жалғыз жатқан Шәкәрім туралы айтқан Ахат естелігіне назар аударайықшы: «Ертеңгі шайды ішіп отырғанда әкей айтты: «Келгендер Қоңыр атқа шөп салып кеткен. Менің дыбысым шықпай қалса, кісінеп, жер тарпып, пысықырып, тынышсыздана береді. Ал жөтеліп, даусымды шығарсам тыныштана қалады. Далаға қоя берсем, аунап, ойнақтап, қайтып келеді, біржолата кетіп қалмай, маған үйреніп алды» деді. Өздеріңізге белгілі, әкейдің «Қоңыр ат» деген поэмасы бар». Міне, жапан далада Шәкәрім қасынан бір кетпеген, ақынның қасында жалғыз серігі болған аттың кейіннен оның баласының да көңілінен шыққандығы.

Бұл-дағы сағынады жерді білем, Басқа үйірге қосылғаннан байқап көрем. Мені де қарайлайтын болса керек Жершілік жылқының мен өзім білем, – дейді Зият ақын. 1935 жылы Алтай аймағының Сарсұмбе деген қаласында жазған шығармасының бірі «Мен кеттім жан сауғалап өз бетіммен» деп аталады. Мен кеттім жан сауғалап өз бетіммен, Туыстарым түрмеленді бір шетінен. Келсем-дағы жат елге құр сүлдерім,

Қайғыға батып жүрген мен шерлімін, – деп басталатын өлеңде Абай мен Шәкәрімді қадір тұтатын, олардың ұрпағы деп жат елге келгенде өзін құрметпен қарсы алған, шерлі жүрегіне медеу болған Керей жұртына деген ақынның ықыласы айқындалады. Өлеңнің 22 тармақ жолы сақталған. «Ризық болды маған ата даңқы» дейді ақын.

Керейдің мекені екен Алтай, Сауыр, Бұл жақта ел көрмедім, бұдан тәуір. Айқасып өзі үшін де, елі үшін де, Шайқасқан тарихы бар әжептәуір. Оқымысты ойшылдар мұнда да бар, Шәріпхан, Мәнкей, Мұқаш, Баймолдалар

Күш қосып, көтеріліске Шыңжаңдағы Алтайды азат еткен ер осылар. Өлеңде аттары аталған адамдар – ел бостандығы, халық мүддесі үшін еш дүниеден жасқанбай көтеріліске шыққан, азаттық туын жоғары қоя, ұлт болашағын үшін өмірлерін сарп еткендер. Бұлардың Мұқаштан басқасы 1937-1940 жылдары Шыңсы Сайдың түрмесінде ажал құшқандар. Шәріпхан Алтай аймағының генерал-губернаторы, Мәнкей аймақтық мекеменің бас хатшысы, Баймолда Шыңжаң өлкелік өкіметінің мүшесі, халық істер басқармасының бастығы еді.

«Ұлы едім» атты әні бар Зияттың шығармасынан оның ақындық қарымын анық аңғаруға болады. Үрімжі түрмесінде жатқан кезде жазылған өлеңі ақынның заманға деген көзқарасын айқындайды.

Ұлы едім Шәкәрімнің Зият деген, Ән айтқан бала жастан қияқпенен. Әкенің тәрбиесі сіңіп бойға, Қиянат жанға жасау ұят дегем, – дей келіп, Осыны ұстап өтемін, Шыңғыстау еді мекенім. Зұлымның түсіп торына Тас түрме болды төсемім, – деген өлең қайырмасы келеді. Ақынның ұстанған бағыты анық. Арлылық пен азаттықты бетке ұстанған ақын жалғыз емес. Бірақ солақай саясаттың ұстанымымен өңкей зиялылардың бір жерге азапты, аянышты күн кешуі өкінішті-ақ. «Өз халқын зар илеткен большевиктер, ешкімге олар түбі опа бермей» деген ой тек Шәкәрім баласының аузынан ғана шыққан сөз емес, сол кездегі Шыңсы Сайдың түрмесіне қамалған, ел болашағын ойлаған Таңжарық сынды зиялылар айтар сөздер.

Кім қалай зұлымдықты жасырады, Әзірше олар десін асырады. Әлемнің тарихы егер анық болса, Бар сыры большевиктің ашылады. Ақын өзі айтқандай, уақыт өзі төреші болып Зият ойының ақиқаттығын қазір заман көрсетті. Жетпіс жылдай үстемдік құрған қызыл өкіметтің қанды істері де ашылды. Бірақ ол тек Кеңес үкіметі аумағында емес, шығыс Түркістан жерінде де ел болашағын ойлаған қаншама адамдардың, зиялылардың өмірін қиып кетті.

Шүкіршілік, айрылмаймын ұятымнан, Өмірдің жүрсем-дағы қиясынан. Сәлем де көзі ашық күллі адамға, Ұлы бұл Шәкәрімнің Зиятынан, – дейді ар-ұятты жоғары қойған ақын түрмеден сәлемін жолдап.

Зияттың «Сілбі» атты дастаны Шәкәрімге арналған. Ол шығарма: Сәлем де көп Тобықты қауымына, Қалды әкем Керегетас бауырында. Қапыда тағдыр айдап оққа ұшты Тұманның сілбі аралас жауынында, – деп басталады.

Ал арнайы жазылған әні бар «Қоштасу» атты шығармасы ақынның туған жерге деген сағынышына толы. Шыңғыстауымен, туған-туысымен зарлана қоштасуы.

Қош болғын атамекен қайран Шыңғыс, Түсті ауыр ел басына не бір мұңды іс. Жосылдық Шәуешекке менің-жаяу Көзіме жас толғаны атың тұңғыш. Қорыта айтсақ, Абайдың ақындық дәстүрін, Шәкәрімнің ізгі мұратын жалғастырған Зият – әке арасындағы тек туыстық жақындықты ғана емес, рухани үндестікті, адамгершілік қасиетті, шығармашылық байланысты дамытқан ақын.

Жандос ӘУБӘКІР,
«Абай академиясының»
директоры, филология
ғылымдарының кандидаты

ТӘРЖІМЕНІНҢ ТАРЛАНБОЗЫ

Иә, солай!

Толқын-толқын зиялылар шоғырларын өмірге әкелген заман дамуының екпіні сондай, Жолбарыс Әбішұлын көпшілік біле де қоймас, бірақ онымен жақындасқан, сырласқан адам Әбішұлының бірегей маман иесі, дәлірек айтқанда, орыс тілінен қазақ тіліне аударудың қара жорғасы екенін жақсы біледі. Кезінде, Жүкеңнің мерейтойларына байланысты игі тілектер, марапаттар көп айтылды.



Қайтыс болғаннан кейін, оны жоқтаған замандастары, іні-қарындастары тиісті жерлерге табанды түрде өтініш білдіре жүріп, Журналистер одағының саяси аударма үздігіне Жолбарыс Әбішұлы атындағы республикалық жүлде белгілеттірді. Алғашқы жүлде еліміздің таңдаулы аудармашысы болып та үлгерді. Жолбарыстың арамыздан кеткеніне, яғни о дүние есігін ашқанына, міне, жиырма жыл. Маман ізделді, өмірден өтті, сұранысты құрмет уақыт койнына сіңіп, елеусізденіп барады. Мұны, өмір заңдылығы десек, ондай заңдылықтың адами құндылыққа тигізер салқынын сезбеген болар едік. Ал ол – бәрімізге де керек құндылық. Сондықтан, Жүкеңнің зайыбы Назкен, Жүкеңді еске алу дәстүрімен, ұрпағы жайған дастарқанға шақырғанда, жүректің сәл дір еткенін жасырғым келмейді.

Ж.Әбішұлы – аударма саласына өзіндік із қалдырған, көзі тірісінде, бақилық ғұмырында екі бастан, мадаққа бой алдырмаған кесек тұлғалардың бірі. Одақ дүрлідеп тұрған кезде, кеңестік идеология коммунистік қағидалардың қынында қылпылдаған алмас қылшитай қалай қорғалғаны, әсіресе одақтас республикаларда қуатты күштердің оның насихатталуына қалай сығалай қарағаны, осындай «сындарлы» шақта саяси бұқаралық ақпарат құралдарына, әсіресе Партия тарихы институтына саяси әдебиеттерді таңдап, талдап жариялау міндеті жүктелгені, ол міндетті орындауға білікті салалық мамандардың тартылғаны белгілі. Марксизм мен ленинизм ілімінің классикалық дүниелерін қазақ тілінде сөйлетуге тиіс осы тегеурінді топқа орда бұзар отызында Жүкең де келіп қосылды. Пролетариат көсемі В.И.Лениннің белгілі елу бес томдық шығармалар жинағының қазақ тіліндегі нұсқасында саяси сана сындарлығы мен аудармашылық шеберліктің Ж.Әбішұлына тән өзіндік үлесі бар. Бұл арада, марксизм-ленинизм ілімін дәріптеуден аулақпын, ол менің тісім бататын тақырып емес, оны тиісті мамандардың үлесіне қалдырып, әлемнің саяси дидарына өз таңбасын қалдырған күрделі дүниеге жас аудармашының үлкен сеніммен тартылып, оның осы үдеден шыға білген таным-қабілетіне ыстық ықылас білдіру ғана. Тек Партия тарихы институтына емес, Жүкең саяси әдебиеттің қара шаңырағы «Қазақстан» баспасы мен ҚазТАГ сияқты екінің бірі табалдырығынан

үркектей аттайтын киелі отауларға сұраныспен шақырылды.

Иә, Ж.Әбішұлының аудармадағы шеберлігі құрметке лайық еді, солай болды да. Еліміз тәуелсіздік алып, ана тіліміздің бағы сыналар қынулы сәтте тәржіменің тарландары да осында тартылды. Алғашқылар қатарында Жолбарысқа да назар аударылды. Жоғарғы Кеңес алдында, өте күрделі міндет – құқықтық реформа көкжиегін жаңа заман үрдісінде кеңейту, ғасырлап қатқан тоң қабаттарындай заң актілерін өркениет көшіне ілестіру, дәлірегі еліміздің құқықтық іргесін жібітіп, егемен рух сілкінткен санамен жаңа биікке көтеру аттанысы басталған шақта Үкіметтен Жоғарғы Кеңеске, кейін Парламентке топырлап түсіп жататын заң жобаларының қазақ тіліндегі нұсқалары, жасыратыны жоқ, көп жағдайда сын көтермейтін. Егер күнделікті пайдаланудан шеттетілген ана тіліміздің бағы әлі күнге дейін толық жанып үлгермеген ақиқатқа жүгінсек, бұдан ширек ғасырдан астам бұрынғы жағдайдың қандай болғаны, әрине, түсінікті.

Ж.Әбішұлы – Конституциямыздың екі бірдей нұсқасын тікелей тәржімелеуге және тәржімені редакциялауға қатысқан қайраткер. Заңдарымыздың темірдей қатаң нормаларының қарапайым, сонымен бірге екіұшты ойлауға келмейтін, тура мағынасы ашылатын тілге аудару, құлаққа жеңіл болғанмен, санаға қияметі қиын тірлік. Міне, осы тірлікте, мүмкіндігінше аз қателескен санаулы адамдардың бірі Жүкеңнің сол қателіктерден арылу үшін табандылықпен, әділ де тура күрескен еңбегі қызметтік міндеті астарында көп байқалмайды. Ал онымен қанаттаса еңбек еткен серіктері Ж.Әбішұлының Үкіметтегі беделді, беделін өздері дайындаған заң жобаларын, аудармадағы шікілігіне қарамай, Парламентке тез өткізіп жіберуге пайдаланатындармен талай «жамандасқан» «айқай-ұйқайын» жақсы біледі. Регламент деген бар, заң жобасы Парламентпен бекітілген Регламент бойынша уақытында депутат қолдарына тиюі тиіс. Заң жобасы Мәжілістегі тиісті буындармен бірге, Редакциялау және аударма бөлімінің де кәсіби сараптамасынан өтпесе Үкіметке кері қайтарылады. Ал ол – мемлекетіміздің құқықтық дамуын тежейтін адами факторлардың бірі. Ж.Әбішұлының кәсіби шеберлігі мен кәдімгі туа бітті турашылдығы салалық мүддені бәрінен жоғары қоятындармен сайыста мейлінше айқын көрінді. Бірақ, осы айқындық

көп жағдайда, Парламенттегі жауапты қызметтің көлеңкесінде қалып, «е, міндеті ғойдың» көзжұмарына жұтылып жататын, тіпті, кейде жүйке жұқартатын әділетсіз өктемдікке де ұшыраушы еді.

Сөзжасамның белгілі қайраткері Ісіләм Жарылғапов бірде Ғабит Мүсіреповке телефон соғып: «Ғабе, сладкий, как мед, холодный, как лед, бал-мұздақ қой» деп кеңес сұрағанда Ғабеңнің: «Это не перевод, а подвиг» дегені бар. Ж.Әбішұлы да саяси әдебиеттерді тәржімелеуде осындай ерлік жасағандардың бірі еді. Айталық... тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сөз қолдану аласапыранында әдебиеттер кеңістігінде халықаралық терминдер қаптап кетті де, оларды қазақ тілінде сөйлету қажеттігі туындады. Саяси аударма көркем аудармадағыдай еркіндікті көтермейді, сонымен бірге қасандыққа ұрынбай, жүрекке жылы қабылдануды талап етеді. Жаңағы қаптаған халықаралық терминдердің жүрекке жылы қабылдануына табандылықпен, білікті де кәсіби шеберлікпен сабырлы да салмақты үлес қосқандардың бірі Жүкеңді. Ісіләм ағаға Ғабит сияқты көркемсөз тұлғасының «Это не перевод, а подвиг» дегені көңілді көсітпуге жетеді, ал Жүкеңе сол кезде жиі айналыстағы «приватизация», «либерализация» сияқты терминдерге «қазақ шекпенін» кигізу үшін жеке адамдардың қолдауы аздық етеді, оның қазақы мағынасын терең білетін, талқылап, талдап, кейін дау тудырмайтындай шешім қабылдай алатын орта керек-ті. «Приватизацияны» – «жекешелендіру», «либерализацияны» – «ырықтандыру» деп аударуды Жүкең ұсынғанмен, олар Н.И.Акуев, М.Т.Оспанов сияқты қайраткер депутаттардың тікелей қолдауымен, Жоғарғы Кеңестің тиісті бөлімдерінде саикалы сараптамадан өткеннен кейін ғана ұлтымыздың саяси сөздік қорына нық орнықты. Ж.Әбішұлы сөзжасаумен тікелей айналысқан тәржімашы емес, оның қайраткерлігі салалық қызмет бабындағы қажеттіліктен туындайды, сондықтан да ол дараланып, көп назарына іліге бермейді. «Зябытң» «сүдігер» нұсқасы да Жолбарыстың аудармасымен ҚазТАГ-тағы конвейерлі қызмет аясында айналымға елеусіз қосылып, тиісті құрылымдардың сүзгісімен орнықты.

Әлде каламы әп дегеннен саяси аудармада уақыт пен сапа қысқан қатал мектепте шыңдалғаннан ба, әлде табиғи дарыны ма, әйтеуір ол қандай еңбекті болсын бір-ақ рет аударатын,

Ж.Әбішұлы – Конституциямыздың екі бірдей нұсқасын тікелей тәржімелеуге және тәржімені редакциялауға қатысқан қайраткер. Заңдарымыздың темірдей қатаң нормаларының қарапайым, сонымен бірге екіұшты ойлауға келмейтін, тура мағынасы ашылатын тілге аудару, құлаққа жеңіл болғанмен, санаға қияметі қиын тірлік. Міне, осы тірлікте, мүмкіндігінше аз қателескен санаулы адамдардың бірі Жүкеңнің сол қателіктерден арылу үшін табандылықпен, әділ де тура күрескен еңбегі қызметтік міндеті астарында көп байқалмайды

яғни басқалар сияқты қайта оралып, редакцияламайтын. Егер, үйінде болса, екпеттей жатып алып, жүйелі ой ағысын бұзбай, кесілте жөнелетін. Белмесінде, жазу үстінде отырған Қажекеңнің, қабырғалы қайраткер жазушы Қажығали Мұқанбетқалиұлының, жұбайы Сұлупан түскі асқа шақырғанда: «Тыныш, мен орта ғасырда жүрмін» дегені бар. Сол айтқандай, аударма кезінде Жолбарыстың ақжал ойын бұзуға отбасында ешкімнің батылы бармайтын. Жүкең баспа жоспарға енгізіп қойған әңгімелер жинағын жоғалтып алып, қайтадан еске түсіруге беттемей қойған-ды. Кері оралуға көндікпеді, өйткені алғашқы шабыт нәтижесі оны қажет те етпейтін. Ойшыл ақын Ж.Нәжімеденовтің: «Бәрінен де алғашқысын айтам-ау, қалғанының бәрі-бәрі қайталау» деуі бекер емес-ті! Әңгімелер жинағы дегеннен шығады, К.Юсупов сияқты, Ж.Әбішұлы да әп-әсем жазушылық қабілетін аударма саласына бағыттады да, сол жолдан таймады. Әйтпесе, кейін балаларының қолдауымен әріптестері жарыққа шығарған «Тәржіменің тарланбозы»

атты жинағындағы әңгімелері мен өлеңдері демде оқылатын, сезім оятаын дүниелер. Көркем аудармалары да Жолбарыстың ұлттық ойдың астарына терең бойлай алатын, ұлттық тілдің бояуын қанықтыруға шебер қаламгер екеніне тәнті етеді. Ю.Покальчук, А.Копыленко, Г.Адам шығармаларын қазақ тілінде сөйлетті. Әдемі! Әсіресе, оның әлем әдебиетінің алыбы Рабиндранат Тагордың «Соңғы поэма» сияқты күрделі романы мен өлеңдерін қылына қылау түсірмей аударуы... мұндай шығармаларды аудару үшін ерлік пен таланттың ерекше керек екеніне ешкім дау айта қоймас. Саяси аудармадан көркем аудармаға батыл қосылған Жолбарыстың ол шешімін, өзіне сенгендіктің нәтижесі, жаңағыдай ерлікке тең әрекет деп бағалаған жөн, қуанарлығы сенім алдамады.

Ұлтымызда ұрпақ сабақтастығы деген жақсы дәстүр бар ғой. Әдебиет саласында Мұхтар Әуезов бастап, кейін Кеңшілік Мырзабеков, Жарасқан Әбдірешов сияқты таланттар әулеті жалғастырып әкеткен осы дәстүр ұшқыны Жолбарыс әулетіне де тән. Өзін көп насихаттай бермесе де, Жүкеңнің үлкен ұлы Айдар да осындай «аурумен» ауырған. Ол – ұзақ жыл Қытай Халық Республикасында, Моңғолияда Қазақстан Республикасының елшілігінде жауапты дипломатиялық міндет жүктелген, қазір де осы саланың ауыр жүгін арқалап жүрген тәжірибелі мемлекет қайраткері. Сонымен бірге ол – шет елдегі, ұлтымыздың тарихына қатысы бар, бірақ зерттеушілердің қолына көп түсе бермейтін маңызды құжаттарды талмай іздегіріп жүрген зерделі азамат. Мысалы, XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басы кезінде өмір сүрген белгілі ұйғыр тарихшысы Мұса Сайрамыдың Қашғарияда жергілікті халықтың Цин патшалығының үстемдігіне қарсы ұлт-азаттық қозғалысы, 1864-1878 жылдар аралығында дәурендеген Жетішар мемлекеті туралы баяндалатын көлемді жылынама-кітабын Айдар Жолбарысұлы Әбішев тұңғыш рет қазақ тіліне аударып, жариялатты. Шығарманың тарихи құндылығы мен аудармашының тіл ерекшеліктерін сақтаудағы жанкешті еңбегі өз алдына бөлек әңгіме, оған тоқталмаймын. Мақсат – Жүкеңнің әкелік қана емес, аудармашылық тұлғасының да әулеттік құрметке бөленуінің тағылымдық қасиетін назарлау.

Ж.Әбішұлының бергенінен берері көп еді. Амал не, өмірден ерте кетті. Дегенмен, ол артына сағына еске алатындай қимас сезім қалдырды. Әріптесі Маханбат Жәмеқұлының:

«Тірліктің несі толды, несі пісті? Мықты барда өмірдің оты күшті. Әлсіздердің бар-жоғын санау ғайбат, Мықтылардың кеткені өкінішті!» дегеніне бірдеңе қосу қиын. «Мықтының отын өшірмеу үшін», оны еске алып отыратындай бір әрекеттер қажет сияқты көрінеді. Ж.Әбішұлы «Баспа ісінің үздігі», әрі қазақ журналистикасы тарихында аудармалары үшін Қазақстан Журналистер одағының сыйлығын алған тұңғыш аудармашы еді. Тұңғыш аудармашыға белгіленіп, аяқсыз қалған Ж.Әбішұлы атындағы марапаттың кейінгі тағдыры еске түсе береді. Лайықты еді ғой, ойланса болады-ау!

Сырым БАҚТЫГЕРЕЙҰЛЫ

ҚАЖЫМҰҚАННЫҢ КИІЗ ҮЙІ

Қазақтың тұңғыш кәсіби балуаны Қажымұқан Мұңайтпасұлы туралы ел ішінде аңыз-әңгімелер өте көп. Солардың бірі оның киіз үйіне байланысты.

Айта кетейік, Қажымұқан Мұңайтпасұлы өзінің киіз үйін 1947 жылы досы Садықбай Бекжановқа сыйлайды. Садықбай Бекжанов қайтыс болғаннан кейін оның ұлы балуанның дүниесін 1974 жылы Шымкент облыстық тарихи-өлкетану музейіне өткізеді.

Музей қызметкерлерінің мәлімдеуінше, киіз үйдің сүйегі, яғни керегесі, уығы

мен шаңырағы 1930-1935 жылдар аралығында жасалған. Қажымұқан Мұңайтпасұлы Ұлы Отан соғысына жасы егде тартқандықтан қатыспаған. Дегенмен, ол осы кезде ел-елді аралап, гір тасын көтеріп, үстінен жүк көлігін өткізіп өнер көрсеткен. Жиналған қаржыға ұшақ жасатып, әскери ұшқыш Қажытай Шалабаев ол ұшақпен 120-дан астам жауынгерлік

тапсырма орындаған екен.

Алып күш иесі барған жеріне осы өзінің киіз үйін тіктіретін болған. Киіз үйдің оң жағына қыздардың, сол жағына ер азаматтардың төсегі қойылған. «Оның үлкен мәні бар. Тұтқиылдан жау шапқан кезде ерлердің киіз үйден жылдам шығуы үшін олардың төсегі киіз үйдің сол жағына орналастырылған» дейді музей қызметкерлері.



Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық арнайы экономикалық сотының 2023 жылғы 13 шілдегі анықтамасымен ҚазҒерСтрой БК ЖШС оңалту рәсімін қолдану туралы іс қозғалды. BСN 040540005719, мекенжайы: Астана қаласы, әл-Фараби даңғылы 119, тел.8 777 574 72 53.



ӘН АРҚАУЫ – АСТАНА

Елорданың 25 жылдығына орай Астана туралы үздік әндерге өткізілген «Ел жүрегі – Астана» атты конкурсының қорытындысы жарияланды. Өнер бәсекесінің нәтижесі ретінде елорданы музыкаға арқау еткен композиторлардың туындысы жинақ болып шықты. Осы кітаптың таныстырылымы «Elorda Aqparat» медиасеріктестігінде өтті.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Басқосуға композиторлар, журналистер, қала тұрғындары жиналды. Алғы сөз сөйлеген медиахолдинг басшысы Олжас Сыдықбек:

– Шығармашылық байқауға 40-тан астам автор өз туындысын ұсынды. Басты талап – елорданың мәртебесін дәріптеу, елдікті жырлау, – деді.

Қазақстан Композиторлар одағының төрағасы Серікжан Әбдінұровтың сөзінше, «Ел жүрегі – Астана» атты кітап – бас қаланы ұлықтаған алғашқы ән жинағы.

– Келесі жылы – Композиторлар одағының 85 жылдығы. Мерейлі дата қарсаңында Астана қаласының әкімдігі ән жинақ шығарып, композиторларға тамаша тарту істеді. Елорданы әнге қосу – елдікті жырлау. Елордамыз жасай берсін, – деп ізгі тілегін

жеткізді С.Әбдінұров.

Елорда туралы жаңа музыкалық шығармалардың жазылуына жол ашу, өнер туындылары арқылы қазақстандық патриотизмді қалыптастыруды мұрат еткен конкурсқа қатысқан ең жас композитор – Нұрислам Доспай. Ол – 15 жаста. Ең жасы үлкені – 73 жастағы Сламқожа Қарақыстық. Одан бөлек, Медеу Арынбаев, Азамат Абдрахияев, Әліби Әбдінұров, Серікжан Әбдінұров, Ертай Бакиров, Мұхан Байбосынов,

Тілеуғазы Бейсембек, Марат Жанғазы, Жаскелең Ғайсағалиев, Әлібек Қадыров, Қуаныш Кисметов, Бауыр Қуатов, Ерұлан Қанапиянов, Еркін Нұрымбетов, Бейбет Оралұлы, Құрмет Сақай, Мұратбек Сарыбасов, Бекжігіт Сердәлі, Марат Сүтішев, Балнұр Қыдырбек, Шолпан Қорғанбек, Аружан Есіркеп, Алтын Маханбетова, Анаркүл Наурызхан және Айсұлу Танидың музыкалық туындысы жинаққа енді.

Бұл жинақтың ерекшелігі – суретшілер мен композиторлардың еңбегі үндестік табуында. Яғни әрбір музыкалық шығарманың мән-мағынасын сурет ашып тұр. Оның үстіне, әннің сөзімен қатар музыкалық нотасы бірге қамтылды.

«АСТАНА ОПЕРА»: ПРЕМЬЕРАЛАР МЕН ГАСТРОЛЬДЕР

«Астана Опера» театры Х мерейтойлық маусымын әлем жұлдыздарының қатысуымен өткен симфониялық концертпен аяқтады. Бұл маусым жарқын әрі мазмұнды болып, халықаралық форматтағы айтулы оқиғалардың тізбегімен есте қалды.



2022 жылдың ең көп талқыланған және көпшілік асыға күткен балеттік премьерасы «Күлбике» көрермендердің зор қызығушылығын оятты. Былтырғы желтоқсанда Балнұр Қыдырбектің «Қалқаман – Мамыр» ұлттық опера-балетінің премьерасы өтті. Театр тағы екі премьераны ұсынды. Бұл – әлемдік хореография жауһары В.А.Моцарттың музыкасына қойылған И.Килианның «Кіші өлім» балеті және Дж.Россинидің сирек орындалатын «Алжирдегі италиялық қыз» опера-буффасы.

Өткен жылдың аяғында балет труппасын Мәскеу жұртшылығы зор қошеметпен қарсы алды. Қазақстандық ұжым Кремль сарайының сахнасында Қазақстан мен Ресей арасындағы дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығы аясында Б.Асафьевтің «Бақшасарай бұрқағы» спектаклін ұсынып, театрсүйер қауым мен музыка сыншыларының жоғары бағасын алды.

«Астана Опера» гастролі Алматыда 8-10 желтоқсан аралығында өтті. Театр алматылық көрермендерге бір-біріне мүлде ұқсамайтын екі бағдарлама – гала-концерт пен Дж.Вердидің «Реквиемнің» ұсынды.

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

«Астана Опера» труппасы Қазақстан мен Әзербайжанның әріптестігі аясында алғаш рет Бакуде гастрольдік бағдарламамен өнер көрсетті. Гала-концерт Әзербайжан мемлекеттік академиялық опера және балет театрының сахнасында өтті. Театр труппасы өнер көрсеткен келесі қала Беларусь астанасы – Минск болды. Опера солистері Беларусь Үлкен театрында Джоаккино Россинидің «Жібек саты» опера-фарсын орындады. Бұл гастроль XII Минск Рождестволық опера форумы аясында өтті. Солистердің вокалдық шеберлігі мен әртістігі, Руслан Баймурзиннің жетекшілігіндегі Камералық оркестрдің нақышына келтіре дыбыстауы беларусьтік көрермендерді таңғалдырды.

Ал бұл уақытта «Астана Опера» сахнасында гастрольдік турмен қатар, әлемнің 14 елінен опера және балет жұлдыздарын жинаған «Жібек жолы» халықаралық фестивалі өтіп жатқан еді.

Мамырда опера труппасының Қарағандыдағы, балет труппасының Алматыдағы гастрольдері өтті. Хор әртістері Польшада өнер көрсетіп, Варшава мен Белостокта зор табысқа қол жеткізді. Әртістер халықаралық байқаудан жүлделі бірінші орын алып келді, сондай-ақ қазақ музыкасының жеке концертін берді. Артынша поляк жұртшылығының сұрауы бойынша қазақ музыкасының тағы бір концертін өткізді. Екі аптадан кейін Словения тұрғындары балет әртістерінің жарқын өнер көрсетулеріне өз бағасын бере алды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №85
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

АСТАНАЛЫҚ ФИЛАРМОНИЯ АСУЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның XXV концерттік маусымы аяқталды. Астаналық айтулы өнер ошағы осы маусымның екінші жартыжылдығында, яғни осы жылдың басынан 195 шара өткізіп, 300 мыңнан аса көрермен жинады. Бұл шараларға филармонияға қарасты барлығы 13 шығармашылық ұжым атсалысты.

Алты ай ішінде мәдени мекеме әртістері елордалық көрермендердің алдында ғана өнер көрсетпей, гастрольдерге шығып, концерттер берді. Атап айтқанда, Петропавл қаласындағы Ақан сері атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық филармониясында, Қарағандының Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің «Шалқыма» концерт залында және Кеншілер мәдениет сарайында, Көкшетаудағы Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясында басқа да республикалық алаңдарда өнерін ұсынды. Ал Наурыз мерекесі аясында Люк-

сембург филармониясындағы ең беделді еуропалық сахнаның бірінде концерт қойды.

Мемлекеттік мерекелерге арналған барлық концерттерге астаналық филармония ұжымдары белсенді қатысты. Халық композиторлары Ақан сері Қорамсаұлы мен Ықылас Дүкенұлының 180 жылдық, Иманжүсіп Құтпанұлының 160 жылдық, басқа да тұғырлы тұлғалардың мерейтойларына орай өнер кештерін өткізді.

Ал концерттік маусымын Астананың 25 жылдығына арналған «Filarmunia Fest-2023» ауқымды жобасымен аяқтады.



Ұлттық музейде сәулет және сурет өнерінде өз қолтаңбасын қалыптастырған Берік Молжігіттің «Менің әлемдерім» атты жеке көрмесі өтіп жатыр.

БЕРІК МОЛЖІГІТТІҢ ӘЛЕМІ

Жұрт назарына автордың балалық шағын, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, табиғат сұлулығын, қалалардың тіршілігін бейнелейтін 80-нен астам кескіндемелік және графикалық бағыттағы, 1993-2013 жылдары салынған ең таңдаулы туындылары қойылды.

Көрменің ашылуында Қазақстанның еңбек сіңірген сәулетшісі Серік Рүстембеков, қоғам қайраткері Дархан Мыңбай, белгілі қылқалам шебері, этнограф Қалиолла Ахметжан, Суретшілер одағының Астана қалалық филиалының төрағасы Қоңыр Мұхамедиев суретшінің шығармашылығы туралы жылы пікірлерін айтты.

– Сонау сексенінші жылдардан

бері «Алматыгипрогор-1» жобалау институтының архитектуралық-құрылыс бөлімінде басшылық қызмет атқарған Берік Ұзақбайұлы – Алматы қаласы әуежайындағы арнаулылар терминалының жаңа ғимараты, Астана қаласындағы «Керуен» сауда-ойын-сауық орталығы, Тараз қаласындағы Қабылдау үйі сияқты белгілі нысан жобаларының авторы. Күш атасы Қажымұқанның, өзге де қырықтан астам кескіндеме жұмыстары, архитектуралық шешімдері мен нобайлары өнерсүйер қауымның көңілінен шығатыны сөзсіз, – деді Дархан Мыңбай.

Аталмыш көрме 6 тамызға дейін жалғасады.

